



**«Қазақ тілі»
пәнінің оқу-әдістемелік кешені**

1-семестр

2024-2025 оқу жылы

Мамандықтар:

6В10103 – «ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА»

6В10104 – «СТОМАТОЛОГИЯ»

6В10102 – «ФАРМАЦИЯ»

6В10101 – «МЕЙІРБИКЕ ІСІ»

6В101115 – «МЕДИКО-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІСІ»

Пән: «Қазақ тілі» А2 деңгейі

«Тілдік пәндер» кафедрасы

УДК 811.512.122(072)

Құрастырушылар:

1. ф.ғ.к., аға оқытушы Сейткулова А.Т.

Тілдік пәндері кафедрасының мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

2024 жылғы 27 желтоқсаннан бастап №5 хаттама

Ғылыми кеңес отырысында мақұлданған және ұсынылды.

27.02.2025 ж., No4 хаттама.

.

Кіріспе

Бұл жұмыста медицина студенттеріне арналған қазақ тіліндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеудің өзекті мәселелері қарастырылған. Оқу-әдістемелік кешен қазақ тілінде білім алатын болашақ медицина мамандарына кәсіби білімді тиімді игеруге және мемлекеттік тілдегі медициналық терминологияны меңгеруге мүмкіндік береді.

Жұмыста кешеннің негізгі мазмұны, оны әзірлеу талаптары, қолданылатын оқыту әдістері мен құралдары талданады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі медициналық терминологияны қалыптастыру және оны оқу процесіне енгізу жолдары ұсынылған. Бұл оқу-әдістемелік кешен студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, заманауи медициналық білім беру талаптарына сай болуға және мемлекеттік тілде сапалы білім беру деңгейін көтеруге бағытталған.

Кешеннің басты мақсаты – қазақ тіліндегі медициналық білім беру сапасын арттыру, студенттерді кәсіби ортаға бейімдеу және олардың болашақ мамандықтарына қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Курстың негізгі бөлімдері:

1. Мен және менің ортам. Менің құрдастарым. Грамматика: Ауыспалы осы шақтың болымды түрі.
2. Менің туған қалам. Грамматика: Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі.
3. Мен және менің отбасым. Грамматика: Ауыспалы осы шақтың көпше түрі.
4. Дәуір және уақыт. Ежелгі және қазіргі медицина. Грамматика: Етістік+уға тырысады, етістік+уды ұнатады құрылымы.
5. Менің күнделікті жоспарым. Дәрігердің бір күні. Грамматика: Етістік+уға ұмтылады құрылымы.
6. Уақытты бағалау. Тайм-менеджмент. Грамматика:Етістік +ғы/гі/қы/кі +ы/і кел – құрылымы.
7. ҚазРесмедуниверситет. Факультеттері. Грамматика: Етістік +ғы/гі/қы/кі + тәуелдік жалғауы келмейді/келмеді құрылымы.
8. ҚазРесмедуниверситетіндегі қоғамдық өмір. Студенттік ұйымдар. Грамматика: Етістік +ғы/гі/қы/кі + тәуелдік жалғау кел құрылымының көпше түрі.
9. Медициналық университеттің студенті болудың қиындықтары мен жетістіктері. Грамматика: Болымсыздық есімдіктері.
10. Біздің болашақ мамандық. Грамматика: Белгісіздік есімдіктері.
11. Білікті маман. Грамматика: Жедел өткен шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы шырайы, өйткені, себебі жалғаулықтары.
12. Салауатты өмір салты. Грамматика: Ауыспалы өткен шақ (-атын,-етін,-итін).
13. Әлеуметтік желі және оның әсері. Грамматика:Еді/ екен көмекші етістігі; ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі.
14. Медициналық мекемелер. Грамматика: Етістік +а/е/й алу құрылымы.
15. Дәрігердің қабылдауында. Грамматика: Етістік +а/е/й алма құрылымы, етістік +а/е/й алма құрылымының көпше түрі.

1-сабақ. Мен және менің ортам. Менің құрдастарым.

Грамматикалық тақырып: Ауыспалы осы шақтың болымды түрі.

II. Мақсаты:

1. Білім алушының өздері мен өз ортасы туралы түсініктерін дамыту.
2. Коммуникациялық дағдыларын жетілдіру.
3. Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастықты арттыру.
4. Білім алушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету.

III. Міндеттері.

1. Адам қарым-қатынасындағы достық ұғымы туралы түсінік беру.
2. Білім алушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету.
3. Білім алушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

IV. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мен және менің ортам. Менің құрдастарым.
2. Ауыспалы осы шақтың болымды түрі.

V. Оқыту әдістері.

Репродуктивті: теориялық материалды түсіндіру, мәтіндерді талдау, тілдік және коммуникативті тапсырмаларды орындау.

Интерактивті: лингвистикалық терминдермен және сөйлеу тақырыбының кілт сөздерімен құрылуы; сұрақтарға шабуыл жасау.

Оқылым, жазылым, айтылым, тіл дамыту.

VI. Тақырып бойынша тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді оқып өз түсінігіңізді айтыңыз.

Мен және мені қоршаған орта.

Қоршаған орта дегеніміз - жан-ануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар - осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды ұғым. Атамыз қазақ қашанда адам мен табиғат ұғымы егіз деп санаған, себебі адам да табиғаттың ажырамас бір бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз Анасындай, Анасын Күндей қастерлеу Ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы - Көкшетау», «Жер жаннаты - Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Сондықтан осындай баға жетпес байлық табиғатты аялау - біздің міндетіміз.

Менің ойымша, біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді. Табиғатты қорғау - табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен- кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.

Талай ақын жыршы ағаларымыз табиғатты өлең жырларына арқау етіп, жырлап өткен. Солардың біреуімен өз ойымды тәмамдағым келеді:

Табиғатта сезімде, құлақта бар,

Ренжітсең қайғырып жылап та алар.

Аяласаң жаныңа шуақ тамар,

Қажығанда бойыңа қуат тамар. - демек менің құрметті құрдастарым, бізді қоршаған ортамызды аялайық! Қолымыздан келгенше келер ұрпаққа табиғаттың әсемдігін сақтап қалайық!

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Екі дос ертегісі

Ертеде ел арасында жаугершілік жиі болатын кезде қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады.

Бірде әскерлер бір өзеннің бойында қос тігіп дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Малды айдап, мүліктерін тиеп кетіпті. Қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасына апаруын өтінеді. Алып келген соң ол жаудың қолбасына:

– Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбастап берер мал-мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол — өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар, ол үшін менің өмірімді алыңдар, — дейді.

Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады да:

– Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады, — дейді.

– Ол не? — дейді досын құтқаруға асыққан жігіт.

– Маған сенің көздерің керек? — дейді қолбасы, — екі көзіңді ойып аламын.

– Ол да болсын, көзімді ал да, досымды тезірек босат, — дейді. Жігіт бұл сыннан сүрінбей өтеді. Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын салып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады.

Мұны көрген жаудың қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады» деп түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық беріпті.

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Екі жауынгер қалай дос болыпты?
2. Қазақ жауынгері досын тұтқыннан құтқару үшін не деді?
3. Қолбасы оны қалай сынамақ болды?
4. Бұлар қалай достасты?

4-тапсырма. Берілген сұрақтарға жазбаша жауап беріп, өз ойыңызды айтыңыз.

1. Достық дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Шын досты қалай білуге болады?
3. Өзіңнің досың туралы не айтасың?
4. Дос болу үшін адам қандай болуы қажет?
5. Сендер мына мақалды қалай түсінесіңдер: «Көп ақшаң болғанша, көп досын болсын».

5-тапсырма. Төмендегі достық жайлы нақыл сөздердің беретін мағынасы туралы өз ойларыңызды қысқаша жазыңыздар (әр нақыл сөзге 1-2 сөйлем).

Жаман дос – көлеңке, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың.

Абай Құнанбаев

*Адамға бәрі керек, солардың ішінен үшеуін ғана таңда десе, менің таңдайтыным:
денсаулық, айнымас жолдас, суымас махаббат.*

Ғабиден Мустафин

"Дос үшін өлу қиын емес, ол үшін өлуге тұрарлық дос табу қиын."

Эдуард Бульвер-Литтон

Досыңыздан гөрі жауды кешіру оңайырақ.

Уильям Блейк

*Достарыңның жүрегін құр қошеметпен емес, көңілден шыққан шынайы сөздермен жаулап
ал.*

Сократ

Грамматика: Ауыспалы осы шақтың болымды түрлері.

Ауыспалы осы шақ

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіретін нақ осы шақтың түрін атаймыз. Ауыспалы осы шақ -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен келе-мін, сен ойна-й-сың. Ол бар-а-ды.

Ауыспалы осы шақ түрінің жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Айтамын, келемін	Айтамыз, келеміз
II	Айтасың, келесің Айтасыз, келесіз	Айтасындар, келесіндер Айтасыздар, келесіздер
III	Айтады, келеді	Айтады, келеді

6-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

7-тапсырма. Үй жұмысы. «Достық туралы мақал-мәтелдер» тауып дәптерлеріңізге жазып келіңіз.

БӨӨЖ тапсырмасы: «Менің достарым, таныстарым, құрдастарым» тақырыбына кластер құру.

2-сабақ. Менің туған қалам.

Грамматикалық тақырып: Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі.

II. Мақсаты:

Алматы, елорда туралы түсініктерін кеңейту, мәтінмен жұмыс жасай отыра, балалардың сөйлеу дағдысын арттыру.

Білім алушының қисынды ойлау қабілетін кеңейту, сөздік қорын молайту, сауатты оқу дағдысын күшейту, топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Өз еліне, жеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу, бір – біріне сыйластық сезімдерін тереңдету.

III. Міндеттері.

1. Өз еліне, жеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу .

Практикалық дағдылар: құрылымдық және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми сөйлеу стилінде мәтін құрастыру дағдыларын дамыту. Көпшілік ортада сөйлей алуы, күрделі сөздердің жазылуы, тыныс белгілерін мағыналық сипатын пайымдау.

IV. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Менің туған қалам.

2. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі.

V. Оқыту әдістері.

* Репродуктивті: теориялық материалды түсіндіру, мәтіндерді талдау, тілдік және коммуникативті тапсырмаларды орындау.

* Интерактивті: лингвистикалық терминдермен және сөйлеу тақырыбының кілт сөздерімен құрылуы; сұрақтарға шабуыл жасау.

* Оқылым, жазылым, айтылым, тіл дамыту.

VI. Тақырып бойынша тапсырмалар:

Алматы –әсем қалам

Алматы –дара қалам

Өркениеті дамыған

Алматы сұлу қалам

Жері шырайлы,

Таулары асқаралы

Жастардың басты арманы

Алматы - ару қалам.

1-тапсырма. Мәтінді оқып мазмұнын айтыңыз.



Алматы(1921 жылға дейін — Верный; орта ғасырларда — Алмату (Алмалы)) – Қазақстанның ең үлкен қаласы. Ол Тянь-Шань тауларының солтүстігінде, Іле Алатауының

баурайында, Қазақстан Республикасының оңтүстік шығысында орналасқан. Археологиялық зерттеулер, Алматының орнында Алмалық, Алматы сауда мекеннің болғандығын дәлелдеген.

Алматы – қып-қызыл апортымен аты шыққан әсем қала. Ол кез келген адам жанына рахат сыйлап, адамды өзіне әсем дігімен баурап алатын мәдени орын дарымен де көрікті. Жері қандай байтақ болса, жаны да сондай дархан қала, жұмақ қала десек те артық емес.

Туған жердің түтіні ыстық» демекші, өнер мен білімнің, әдебиет пен мәдениеттің ошағына айналып, талай жастың көкірек көзін ашып, талантты тау тұлғаларды тәрбиелеген, алақанға салып әлдилеген – Алматым менің.

«Алматы... Алматы дегенде көз алдыма әсем де, ару биік таулары, мұнартақан. Алатаудың бауырында жатқан түнгі Алматы елестейді. Өйткені, Алматы Алатаудың ару қызы іспеттес. Сол Алатаудың етегінде жасыл кілемдей болып төселіп, жасыл желектер көмкерілген. Әсіресе, түнгі Алматы жақұт шамдарын жаққанда, тіпті, құлпырып кетеді. Әсіресе, көзге оттай басылатын ақ шамдары маған аппақ арманға алып ұшатын ақ қанат тардай көрінеді. Мен осы қалада туып-өстім. Алматы менің – сүйікті қалам. Мен – Алматымен мақтана мын, марқаямын. Өйткені, біреуді қолтығынан демеп, арманын – асуларға, биіктерге жеткізген қала.

«Онсыз да ғажайып әсем көркімен кісіні баурап алатын Алматы, күннен-күнге құлпырып, жайнай түскендей. Бұл қаланың тарихи, табиғи және мәдени орны да ерекше екеніне ешкімнің күмәні жоқ. «Таланттар далада туып, қалада өледі» демекші, өнер мен білімнің қайнап жатқан ордасы, әдебиет пен мәдениеттің ошағына айналған, талай жастың көкірек көзін ашуға жол нұсқаған, талай қайраткерлерді, талантты тау тұлғаларды.

2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

1. Алматы атауы қай жылы берілді?
2. Алматы мәртебесі заңы қай жылы қабылданды?
3. Алматы қаласының елтаңбасы туралы не білесіз?
4. Алматының символы қандай?
5. Алматы қандай қала?
6. Алматы ненің орталығы?
7. Қала қайда орналасқан?
8. Алматыда қандай кешен бар?

3-тапсырма. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударып жазыңыздар.

Алматы очень зеленый город. Более восьми тысяч гектаров здесь занимают парки и сады, бульвары и скверы. В каждом районе есть небольшие парковые зоны и скверы.

Назвать самый-самый парк Алматы очень сложно, потому что каждый хорош по-своему.

Парк первого президента занимает почти 61,5 тысячи гектаров. Сюда алматинцы приезжают подышать чистым воздухом, покатаются на велосипедах и просто отдохнуть. В этом парке нет аттракционов, зато много деревьев. Много – в прямом смысле. Здесь растут более 11 тысяч деревьев и кустарников. Если бы у Алматы были легкие, то они были бы именно в парке первого президента.

4-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді аяқтаңыз.

Әрбір адам үшін өзінің ... , туып өскен отаны, өз ... өте қымбат. Әр адам өз өлкесін гүлдендіргісі келеді. Мен де өз өлкемді ... келеді. Менің туған өлкем ... ауданы, Теріс- ... ауылы. Жуалы барша жұртқа қолайлы, ... мекен.

Тірек сөздер: шұрайлы, Ащыбұлақ, Жуалы, гүлдендіргім, өлкесі, туған жері.

5-тапсырма. Өзіңіздің туған жеріңіз туралы шағын эссе жазыңыз.

Грамматика:

Осы шақ. Осы шақтың 2 түрі бар: 1) Ауыспалы осы шақ. 2) Нақ осы шақ. Ауыспалы осы шақ “-а”, “-е”, “-й” көсемше тұлғалы етістіктің жіктелуі арқылы жасалады (“Мен жүземін, оқимын”. “Сен жүзесің, оқисың”. “Сіз жүзесіз, оқисыз”. “Ол жүзеді, оқиды”). Немесе дағдылы түрде болып тұратын құбылыстарды білдіреді: “жаңбыр жауады”, “күс ұшады”, “ит үреді”. Бұл етістіктің осы не келер шақты білдіріп тұрғаны сөйлемнен анықталады. Нақ осы шақ қалып етістіктің (“жүр”, “жатыр”, “отыр”, “тұр”) тікелей жіктелуі арқылы немесе негізгі етістіктерге осы қалып етістіктердің тіркесіп, жіктеліп келуі арқылы жасалады (“Мен отырмын, жазып отырмын”. “Сен отырсың, жазып отырсың”. “Сіз отырсыз, жазып отырсыз”. “Ол отыр, жазып отыр”). Мұнда нақ осы шақтық мәнді қалып етістіктердің семантикасы береді, сондықтан өзге түбір етістіктерден өзгеше тікелей жіктеледі. Оның мәні қалып етістіктердің қазіргі тұлғалары түбір емес: “отыр” — “ол туруп”, “тұр” — “тұрұр”, “жүр” — “жүрұр”, “жат” — “жатыр”, яғни болып жатқан қимылды білдіретін “ур”, “ұр”, “үр”, “р” қосымшаларының кірігуінен жасалған.

6-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

7-тапсырма. Үй жұмысы. Туған жерге алғыс жазып келу.

БӨӨЖ тапсырмасы: «Менің туған жерім» тақырыбына коллаж жасау.

3-сабақ. Мен және менің отбасым.

Грамматикалық тақырып: Ауыспалы осы шақтың көпше түрі.

II. Мақсаты:

- Отбасы ұғымдарын тереңдете түсіндіру, қызығушылықтарын арттыру, топпен және жеке жұмыс жасай білуге дағдыландыру;
 - Тыңдаушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып ой шақыру әдісі бойынша суреттерді салыстырып ауызекі сөйлеуге және сөз тіркестерін, мақал - мәтелдердің мағыналарын ұғындыру;
 - Халқымыздың рухани мәдениетіне құрметпен қарауға, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу сыйластығын танып білуіне жәнебағалай білуге баулу.
- жақсы көңіл-күй, сәттілік тілеу .

III. Міндеттері.

- 1.Халқымыздың рухани мәдениетіне құрметпен қарауға, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу сыйластығын танып білуіне жәнебағалай білуге баулу.
2. Білім алушыға Отбасы ұғымдарын тереңдете түсіндіру.
3. Білім алушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

IV. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мен және менің ортам. Менің құрдастарым.
2. Ауыспалы осы шақтың болымды түрі.

V. Оқыту әдістері.

Репродуктивті: теориялық материалды түсіндіру, мәтіндерді талдау, тілдік және коммуникативті тапсырмаларды орындау.

Интерактивті: лингвистикалық терминдермен және сөйлеу тақырыбының кілт сөздерімен құрылуы; сұрақтарға шабуыл жасау.

Оқылым, жазылым, айтылым, тіл дамыту.

VI. Тақырып бойынша тапсырмалар:



Не қымбат? (Алтын ұяң Отан қымбат).

Құт — береке атаң қымбат.

Аймалайтын анаң қымбат.

Бәрінен де ар мен ұят қымбат.)

1-тапсырма. Мәтінді оқып өз түсінігіңізді айтыңыз.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю - отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар – ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуге отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ деп ойлаймын.

Отбасының басты қызығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың, міндетін атқару ғана емес, береке - бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. Ата – асқар тау, Ана – бауырдағы бұлақ, Бала – жағасындағы құрақ-деп ата – ана мен баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген халық мақалына қайран қаларсың.

Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді. Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін ана, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап – тілектері – баланың «әдепті» болып өсуі. Қазақ халқы отбасындағы тәрбиені ең бірінші орынға қойған. Ата – ана балаларына қандай тәрбие берсе, ертең ол бала өскенде сол тәрбие арқылы өмірдің жаңа баспалдақтарынан өтеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсең» деп қазақ халқы бекер айтпаған.

Бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Ұлын ұлтжанды, қызын инабатты, сыпайы етіп өсіру ол әр ата – ананың міндеті болып табылады. «Отбасы кішкентай мемлекет» демекші, мен өз отбасыммен айрандай ұйыған, тату тәтті, бірлікте

өмір сүріп жүрген қарапайым отбасымды мақтан тұтамын.

2-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

1. Отбасы деген не?
2. Отбасы неден құралады?
3. Отбасын кімдер құрайды?
4. Отбасының берік болуына не кепіл бола алады?
5. Отбасылық құндылықтар дегеніміз не?
6. Үлкенге көмек» дегенді қалай түсінесің?

3-тапсырма. Есте сақтап , жазып алыңыз.



4-тапсырма. Отбасылық дәстүрді қалай түсінесіз? Сіздің отбасыңызда қандай дәстүр бар? (3-4 сөйлем)

5-тапсырма. Берілген жаңа сөздерді қолданып сөйлем құраңыз.

СӨЗДІК:

Дәстүр-традиция
кеңес беру- давать совет, советовать
қамқоршы-защитник
құрметтеу, сыйлау-уважать
жол беру- уступать дорогу
төр- почетное место
төрге отырғызу-сажать на почетное место
қарсы сөйлемей-не противоречить
тәрбие- воспитание

6- тапсырма. Топтық жұмыс. 1 минут ішінде отбасы мүшелерін жазыңыз.

7-тапсырма. Мына сөйлемдерді тірек сөздердің көмегімен толықтыр.

Отбасы — сыйластық пен ... , махаббат, бірлік орнаған орта, кішкентай Отан. « ... — отбасынан басталады» дегендей отанды сүйеу- ... басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала ... ең алғашқы бастауы. Адамның жеке тұлға болып қалыптасып, өмірге кірпіш боп қалануы ... басталады.

Тірек сөздер: отбасыдан, тәрбиесінің, отбасыдан , Отан, тыныштық.

7-тапсырма. Құндылықтар құнын ұғындар.

_____ **Ең қымбатты**
_____ **Ең сүйкімді**
_____ **Ең құрметті**
_____ **Ең бағалы**
_____ **Ең қажетті**

Грамматика: Ауыспалы осы шақтың көпше түрі.

Ауыспалы осы шақ

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіретін нақ осы шақтың түрін атаймыз. Ауыспалы осы шақ -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен келе-мін, сен ойна-й-сың. Ол бар-а-ды.

Ауыспалы осы шақ түрінің жіктелу үлгісі

Жақ	Көпше түрі	
I	Айтамыз, келеміз	
II	Айтасыңдар, келесіңдер Айтасыздар, келесіздер	
III	Айтады, келеді	

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

8-тапсырма. Үй жұмысы. Отбасы туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіз? (жазып келу).

БӨӨЖ тапсырмасы: «Отбасындағы сыйластық» тақырыбына кластер құру, дәлелдеу, қорғау.

БӨЖ тапсырмасы: Гипократ аңты тақырыбына -рөлдік ойын. Топтық жұмыс.

4-сабақ. Дәуір және уақыт. Ежелгі және қазіргі медицина

Грамматикалық тақырып: етістік+уға тырысады, етістік+уды ұнатады құрылымы.

II. Мақсаты: Коммуникативтік жағдаяттағы ойды әртүрлі мағыналық реңкпен беру. Сөздің лексикалық мағыналарын (омоним, синоним, антоним, полисемия) білу. Студенттерді мәтінді оқып, түсінуіне, ойын жаза білуге, ақпараттарды тыңдауына машықтандыру. Практикалық тұрғыдан жаттықтыру, сөздік қорын молайту, сөйлеумәдениетін қалыптастыру.

III. Міндеттері. Практикалық дағдылар: құрылымдық және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми сөйлеу стилінде мәтін құрастыру дағдыларын дамыту. Көпшілік ортада сөйлей алуы, күрделі сөздердің жазылуы, тыныс белгілерін мағыналық сипатын пайымдау.

IV. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Дәуір және уақыт
2. Ежелгі және қазіргі медицина
3. Етістік+уға тырысады, етістік+уды ұнатады құрылымы.

V. Оқыту әдістері.

- * Репродуктивті: теориялық материалды түсіндіру, мәтіндерді талдау, тілдік және коммуникативті тапсырмаларды орындау.
- * Интерактивті: лингвистикалық терминдермен және сөйлеу тақырыбының кілт сөздерімен құрылуы; сұрақтарға шабуыл жасау.
- * Оқылым, жазылым, айтылым, тіл дамыту.

VI. Тақырып бойынша тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді оқып, баяндаңыз.

Папирустағы дәрігерлік энциклопедия

Ніл өзенінің екі беткейі – ежелгі өркениет бесігі. Көне Мысыр медицинасының сол замандағы энциклопедиясы саналатын Эберс папирусындағы жазбалардың кейбірі бүгінгі ғылымды таңдандырып, мұны сол уақыттағы адамдар жазуы мүмкін емес, бұл өзге ғаламшарлықтардың, бөтен өркениеттің жетістіктері деушілер бар.

Мәселен, ондағы бас сүйекті трепанациялау, өкпе, жүрекке ота жасаудағы технологиялар, баланың іштегі дамуы, құрсақтағы шарананың жынысын анықтау және басқа да жазылған дүниелер зерттеушілерді тұйыққа тіреген.

1874 жылы неміс шығыстанушысы, археолог Эберс тапқан бұл папируста түрлі өсімдіктен май мен шырын алу туралы және тыныс алу, асқазан мен ішек аурулары, жүрек, қан тамырлары сияқты адам ағзасындағы дертті емдеудің 900-ден астам рецептімен қоса, дененің әртүрлі бөлігіне арналған дәрілерді дайындау туралы бөлім де бар болып шыққан. Жалпы, мысырлықтардың дәрігерлік ілімінен қалған папирустар 10-нан асады. Оның ішінде балалар ауруына арналған б.д.д. 1450-1350 жылдар ең алғашқы педиатриялық Бругш папирусы, Эдвин Смит зерттеген хирургиялық папирусы, Кахуна папирусы, Рамессеум V, Лейден, Берлин, Херст папирустары бар. Мәселен, Смит папирусында дене жарақатының 48 клиникалық түрінің емі көрсетіліпті. Мысыр жұртының қайтыс болған адамдарды мумификациялауды шебер атқаруы да білімді қажет етеді. Мысырлықтар да шумерліктер тәрізді жеке бас гигиенасына көңіл бөлген. Темір ыдыстан су ішіп, күндіз және түнде екі реттен жуынып, ауруларды емдейтін храмдар жанынан арнайы ауруханалар салған. Әр мысырлықтың үш айда бір рет іш құрылысын жуып тазалап, клизма жасатуы міндетті болған.

Мысыр емшілері ауруды ең алдымен құдайға жалбарынған қуатты дұға айтып барып, түрлі жақпаны, сулы ерітінділерді, майларды қолданыпты. Жол желкен жапырақтары, жусан, теңіз жуасы, анар, құрма, сіркесу, шарап, сыра ашытқылары, минералды заттарды, квасты, қайнатылған тұзды және мемфи тастарын, алебастрды, селитраны, жануарлардың майын, өтін, миын, бауырын және ешкінің сүті мен араның балын, жыланның қабығы мен уын емге пайдаланған.

Осындай ілім игерген ежелгі мысырлықтардағы фармак-құтқарушы, өмір сыйлаушы дегеннен барып фармакопея, фармация, фармацевтика терминдері пайда болып кейін грек дәрігерлерінің қолдануымен бүгінгі заманға да жетті. Сонымен қатар көне Египеттегі дәрігерлердің атасы Имготеп саналып, оған Фива, Саиси және басқа да қалаларда храмдар салынып, жанынан арнайы мамандар даярлайтын мектептер ашылды. Мамандар демекші, мысырлық медицинада көздің, тістің, бастың дәрігері сынды жекелеген ауруларды емдейтін және көзге көрінбейтін, яғни ішкі органдарды қарайтын жалпы дәрігерлер болды. Олар ланцет, пинцет, катетер, әйелдердің жатырын қарайтын айна, гинекологияға керекті күйдіру, скарификация жасауға қажет құралдарды пайдаланып, тісті алтын жіппен байлап, тіпті тілікті ауырсынбауы үшін наркозға апиын қолданған.

2-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен басқа тілден енген сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____

3-тапсырма. Ежелгі және қазіргі медицина туралы шағын мәтін құрастырып, баяндаңыз.

Грамматика:

Етістік+уға тырысады, етістік+уды ұнатады құрылымы.

Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін білдіреді. Сұрақтары: қайтті? Не істеді? Не қылды? Ертең ат шабады (қайтеді?), балуан күреседі (не істейді?). Етістік құрамына қарай екіге бөлінеді: 1) дара етістік; 2) күрделі етістік. Дара етістік бір ғана сөзден тұрады. Мысалы, Жапырақтардың сыбдыры естіледі. Сөйлемдегі естіледі етістігі бір ғана сөзден тұрған дара етістік. Күрделі етістік екі не одан да көп сөзден құралып, бір мағынаға ие болады, бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады. Мысалы, Бала күліп жіберді. Бала күліп жібере жаздады. Бала күліп жіберуге шақ қалды. Сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырап кірігуінен жасалған күрделі етістіктер: апар – алып бар, әкел – алып кел, әкет – алып кет, әпер – алып бер, түрегел – тұрып кел. Сөздердің қосарлануынан жасалған күрделі етістіктер: бара-бара шаршады, айта-айта жалықты, күліп-күліп шығып кетті. Күрделі етістік құрамындағы бірінші сөз негізгі етістік болады да, негізгі мағынаны білдіреді. Кейінгі сөздер көмекші етістік болады. Етістік тұлғасына қарай екіге бөлінеді: 1) негізгі түбір етістік; 2) туынды түбір етістік. Негізгі түбір етістік етістік сөздің өзінен болады: отыр, тұр, жүр, жатыр, оқы, кел, барды, жүгірді, жасаған, көрген. Туынды етістік басқа сөз таптарына сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

4-тапсырма. Ежелгі және қазіргі медицинаға қатысты сөздерді табыңыз.

А	П	Р	А	С	Е	П	Т	И	К	А	Ш	Т	И
П	Р	С	Т	О	А	Н	А	Б	У	Л	И	Я	О
Т	Ж	Н	М	И	Г	Д	Р	Г	О	Д	О	Д	Н
С	Ү	Й	Е	К	И	А	Н	Г	И	Н	А	Ж	Г
И	Й	Г	Н	Е	Ө	С	Д	Н	С	О	М	Г	У
Л	К	О	Б	А	К	Т	Е	Р	И	Я	И	Н	Ж
В	Е	Н	А	Н	П	О	М	Г	С	Б	Т	Е	Д
С	М	У	Д	Е	Е	А	І	С	Е	Ш	О	Ш	О
Е	С	Н	Г	М	Ф	Ш	К	Л	С	Б	З	П	И
Л	В	Ы	О	И	С	Х	П	Р	О	Т	Е	З	Т
Д	У	Е	Г	Я	М	И	Е	Г	Ц	Е	З	В	Б

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына антоним сөздерді қойып, мақалды толықтырыңыздар.

1.Дос жылатып айтады, ... күлдіріп айтады. 2.Жақсыдан үйрен, ... жирен. 3.Ашу – дұшпан, ақыл – ..., ақылыңа ақыл қос. 4.Жаман сөз – жанға кірген тікен, ... сөз – таусылмайтын кен. 5.Жаман сөз жылатады, жақсы сөз 4.Ақымақ бұзуға бар, ... жоқ. 5.Ащы мен ... татқан білер, алыс пен ... жортқан білер. 6.Көп ақымақтың ағасы болғанша, бір ақылдың ... бол.

6-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Арықтау үшін	дәрігерге қаралу қажет.
Күні бойы шаршамау үшін	дәрумендер көп пайдалану керек.
Бір жеріңіз ауырса	жаяу көп жүру керек
Өміріңіз әдемі болу үшін	уақытында ұйықтау қажет.
Иммунитетіңізді күшейту үшін	үнемі көңілді жүру қажет

7-тапсырма. Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.

8-тапсырма. Берілген суретке қарап, өз ойыңызды ашып айтыңыз. Қандай айырмашылықты байқадыңыз?



9-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

БӨӨЖ тапсырмасы: «Менің достарым уақытты қалай жоспарлайды?» тақырыбына сауалнама сұрақтарын құрастыру (3 сұрақ) .

5-сабақ. Менің күнделікті жоспарым. Дәрігердің бір күні.

Грамматикалық тақырып: Етістік+уға ұмтылады құрылымы.

II. Мақсаты:

Білім алушыны бейімділік, мамандық туралы ұғымдармен таныстыру, мамандықтар тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта- ықыласын арттыру. Кәсіптік бағдар беру.Өзін өзі тану аумағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар беру

III. Міндеттері.

1. Адам қарым-қатынасындағы достық ұғымы туралы түсінік беру.
2. Білім алушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету.
3. Білім алушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайылыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

IV. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мен және менің ортам. Менің құрдастарым.
2. Ауыспалы осы шақтың болымды түрі.

V.Оқыту әдістері.

*Репродуктивті: теориялық материалды түсіндіру, мәтіндерді талдау, тілдік және коммуникативті тапсырмаларды орындау.

* Интерактивті: лингвистикалық терминдермен және сөйлеу тақырыбының кілт сөздерімен құрылуы; сұрақтарға шабуыл жасау.

*Оқылым, жазылым, айтылым, тіл дамыту.

VI. Тақырып бойынша тапсырмалар:

*Дені саудың – жаны сау.
Халық даналығы*

1-тапсырма. Мәтінді оқып өз түсінігіңізді айтыңыз.

«Дәрігер – мамандықтың асылы!»

“Дәрігер — арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадай мейірімді болуы керек” деген сөз бар. Медицинаның атасы Гиппократ: «дәрігердің жүзі жылы, ұқыпты, киімі таза, қолдары жұмсақ, жағымды» болу керек деген екен ертеректе. Дәрігерлік тек оқумен ғана шектелмейді, дәрігер болу ол да бір өнер. Осы ұғымдарды тереңінен қарастырар болсақ, ол сөздің мағынасы: арыстандай айбатты деген - еш нәрседен қорықпайтын өзінің бойын қорқыныштың баурап алуына жол бермейтін, ал қыздай икемді деген - өз ісіне байыппен, өз ісіне сеніммен қарай білетін жандар, анадай мейірімді деген - науқастарға мейірімін төге білетін өзінің анасы өзіне қандай мейіріммен қараса, ол да науқастарға сондай мейіріммен қарай білетін жандар деп ойлаймын. Егер осы аталған қасиеттердің барлығы мамандық иесінің бойынан табыла білсе, ол үздік дәрігер атанар еді.

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейтіні белгілі. Жалпы дәрігер болғысы келетін жандар көп екендігі айтпаса да түсінікті, алайда екінің бірі дәрігер бола алмайды. Тек адам анатомиясын терең зерттеуге қабілеті жоғары, жиіркенбейтін, қорықпайтын, науқастың тағдырына немқұрайлы қарамайтын, күйзеліске төзімді, жүйкесі мықты жан ғана осы мамандықты ала алады. Әрине, адам өміріндегі ең құнды нәрсе - оның денсаулығы. Дәрігер болмаса, науқасқа оның ауруларымен күресуге кім көмектеседі?

Дәрігер болу үшін мынадай қасиеттерге ие болу қажет: терең білім мен берік дағдылар; тез дұрыс шешім қабылдау қабілеті; жоғары еңбекке қабілеттілік; өзін-өзі ұстай білу және жоғары стресстік тұрақтылық; гуманизм, шыдамдылық, түсіністік, мейірімділік; жауапкершілік, адалдық, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылу.

Дәрігер-бұл басқа адамға түсіністікпен қарауды, сезінуді, түсінуді білетін адам. Бұл - жанды ашуға, өз проблемалары туралы айтуға болатын адам. Риясыз көмек алуға болатын адам денені ғана емес, жанды да емдейді. Дәрігер ар-ұждан, ар-намыс, парыз, қадір-қасиет сияқты ұғымдарды ұстануы керек. Ол - өзіне және басқаларға адал болатын, ішкі адамгершілік қадір-қасиетін, адалдығын, жанның тектілігі мен таза ар-ожданын тәрбиелейтін, қиын уақытта көмектесетін тәлімгер.

2-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

1. Медицина саласы қандай бағыттарға бөлінеді ?
2. Мамандығыңызға деген көзқарас?
3. Дәрігер мамандығын таңдау себебіңіз және оның сіздің өміріңізде алатын орны?
4. Дәрігерлердің қоғамдағы рөлі?
5. Дәрігерлер неге ақ халат киеді?
6. Дәрігер болу үшін қандай қасиеттерге ие болу қажет?
7. Медицина ғылымында қандай қызықты деректер білесіз?
8. Медицина десе алдарыңызға не елестейді?

3-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып , сөйлем құрыңыз.

Тірек сөздер: Емхана, отбасылық дәрігер, хирург, терапевт, окулист, невропатолог, травматолог, жүректі тыңдау, қан тапсыру, кеңес беру , жедел жәрдем, ота жасау.

Сөздік. Есте сақтап, жазып алыңыз.

- ✓ ішкі органдардың ауруын емдейтін -терапевт
- ✓ бала дәрігері -педиатор
- ✓ әйел ауруларын емдейтін -гинеколог
- ✓ тері ауруларын емдейтін -дерматолог
- ✓ түрлі ісік ауруларын емдейтін -онколог
- ✓ құлақ, мұрын, жұтқыншақ ауруларын емдейтін -отоларинголог
- ✓ туберкулез ауруын емдейтін — фтизиатр
- ✓ бүйрек, бауыр ауруының маманы — уролог
- ✓ жыныс мүшелері арқылы жұғатын ауруларды емдейтін -венеролог
- ✓ тіс, ауыздың ішін қарайтын — стоматолог
- ✓ нерв жүйесі қызметі бұзылғанда -психиатр

4-тапсырма. «Менің мамандығым — дәрігер» тақырыбына шағын эссе жазу.

5-тапсырма. Сөйлемдердегі сөздерді ретімен қойыңыз.

1. Мен/боламын/ дәрігер

2. талап/ болу/ жауапкершілікті /үлкен/ етеді./Дәрігер
3. Дәрігер/ та/ керек./ болу / шыдамдылық /асқан /үшін
4. Дәрігер/ ең / мамандығы/ кәсіптердің /көне/ бірі

Грамматика:



6-тапсырма. "Дәрігерлер жайлы жазылған көркем туындыларды" айтыңыздар.

7-тапсырма. Толтырыңыздар.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

8-тапсырма. Үй жұмысы. "Менің күнделікті жоспарым" тақырыбына эссе жазып келу.

БӨӨЖ тапсырмасы: «Менің күнделікті жоспарым» сауалнама алу, сауалнаманы бейнетаспаға түсіру.

6 сабақ. Уақытты бағалау. Тайм-менеджмент.

Грамматикалық тақырып: Етістік +ғы/гі/қы/кі +ы/і кел - құрылымы

II. Мақсаты: Коммуникативтік жағдаяттағы ойды әртүрлі мағыналық реңкпен беру. Лексика, қолдану аясы шектеулі сөздердің ерекшеліктерін айыру. Студенттерді мәтінді оқып, түсінуіне, ойын жаза білуге, ақпараттарды тыңдауына машықтандыру. Практикалық тұрғыдан жаттықтыру, сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

III. Міндеттері. Практикалық дағдылар: құрылымдық және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми сөйлеу стилінде мәтін құрастыру дағдыларын дамыту. Көпшілік ортада сөйлей алуы, күрделі сөздердің жазылуы, тыныс белгілерін мағыналық сипатын пайымдау,

IV. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Менеджмент деген не?
2. Менеджерге қажет қасиеттер
3. Денсаулық сақтау менеджментінің ерекшеліктері

4. Етістік +ғы/гі/қы/кі +ы/і кел - құрылымы

V. Оқыту әдістері.

Репродуктивті: теориялық материалды түсіндіру, мәтіндерді талдау, тілдік және коммуникативті тапсырмаларды орындау.

Интерактивті: лингвистикалық терминдермен және сөйлеу тақырыбының кілт сөздерімен құрылуы;

Оқылым, жазылым, айтылым, тіл дамыту.

VI. Тақырып бойынша тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Денсаулық сақтауда менеджмент негізі және түсінігі

Денсаулық сақтаудағы менеджмент – медицинаны материалдық және еңбектік, қаржылық бақылау және реттеу, басқару ғылымы.

Менеджмент мақсаты – қорларда тұрғындардың өлімі және мүгедектігі, қоғамда аурушандықтың деңгейінің жоюлуы.

Денсаулық сақтауды басқарудың міндеті – денсаулық сақтаудың қорларын рациональды қолдану және емдік-профилактикалық іс-шаралардың сапасын жақсарту жолымен мақсаттың жетістіктеріне тиімді жету.

Менеджмент объектісі – емдік-профилактикалық әрекетпен шұғылданатын, кез келген ұйым.

Объект белгілеріне байланысты басты және функциональды менеджмент болып бөлінеді. Басты (жалпы) менеджмент медицина мекемелерінің басқаруында ерекше орын алады.

Функциональды (арнайы) менеджмент емдеу-сауықтыру мекемелерінің әрекеті мен жетекшілерінің басқаруымен анықталып айқындалады. Бұл басқару инновациялық, қаржылық, кәсіптік және маркетингтік болып бөлінеді.

ЕСҰ-да басты менеджменттің стратегиясына үлкен әсер ететін мемлекеттің саясаты тұрғындардың денсаулығын қорғаудағы қатынастары (заңдар және нормативтік акт, қаржылық, тегін және ақылы медициналық көмек көрсетудің көлемінің анықтамасы)

Сонымен қатар басты менеджменттің стратегиясы ЕСҰ-ң техникалық ерекшелігі мен географиялық жағдайы, медициналық көмектің қолжетімділігі, жоғары дәрежелі персоналдармен қамтамасыз етілуі, пациенттердің сатып алушылық қабілеттігі де әсер етеді.

Инновациялық менеджмент – ғылымның жетістіктерін, сертификаттау, емдеу мен диагностиканың жаңа әдістерін енгізуімен байқалады.

Қаржылық менеджмент мекеменің қаржылық жоспарын, қаржыны көбейту, жағдайының нығайтылуына байланысты түрі.

Кәсіптік (персоналдық) менеджментті жүргізуде медицина қызметкерлерінің жалақысының мөлшері, экономикалық стимулдеу, біліктілігін жетілдіру, ұжымда әлеуметтік-психологиялық климаттың әсер етуі көрсетілген.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Денсаулық сақтау менеджменті ұғымына түсінік беріңіз.
2. Денсаулық сақтау менеджменті мақсаты мен міндеті не?
3. Менеджмент объектісі не?
4. Функциональды (арнайы) менеджмент деген не?
5. Инновациялық менеджмент деген не?

6. Кәсіптік (персоналдық) менеджмент деген не?

3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Денсаулық сақтаудағы менеджмент – медицинаны _____ және еңбектік, _____ бақылау және реттеу, басқару ғылымы. _____ – емдік-профилактикалық әрекетпен шұғылданатын, кез келген ұйым. _____ – ғылымның жетістіктерін, сертификаттау, емдеу мен диагностиканың жаңа әдістерін енгізуімен байқалады. *Қаржылық менеджмент* мекеменің _____ жоспарын, қаржыны көбейту, _____ нығайтылуына байланысты түрі.

4-тапсырма. «Қазақтың алғашқы десаулық сақтау менеджерлері» тақырыбына кестені толтырыңыз және толықтырыңыз.

1	Санжар Асфендияров	
2	Халел Досмұхамедов	
3	Мұхтар Әлиев	
4	Төрегелді Шарманов	

5-тапсырма. Топтық жұмыс.

Жағдаяттық тапсырма: Әр топ өзінің жеке медициналық орталығын ашады, лидерін сайлайды. Медициналық орталықтарының функционалды қызметі бойынша жоба жасайды. SWOT талдау жасайды.

№1 Медициналық орталық

№2 Медициналық орталық

№3 Медициналық орталық

6-тапсырма. «Ақылдың алты қалпағы» (Де Боно шляпалары). Топ жұмысын бағалау үшін арнайы сарапшылар құрылады.

1. Ақ түс – стратегиялық ойлау
2. Қызыл түс – эмоционалды ойлау
3. Жасыл түс – шығармашылық ойлау
4. Көк түс – аналитикалық ойлау
5. Сары түс – оптимистік ойлау
6. Қара түс – негативті ойлау

7-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

Грамматика: етістік +ғы/гі/қы/кі +ы/і кел – құрылымы

Орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді.

Шақ түрі	Ереже	Жасалу жолы	Мысалы
Ашық рай	Іс-қимылдың қай шақта орындалғанын білдіреді.	Үш жақтың жасалу жолдары арқылы жасалады.	Мен келдім. Мен келемін. Ол жейтін.
Бұйрық рай	Іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде айтылуы мағынасын білдіреді.	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы жасалады.	Мен келейін. Сен бар. Ол айтсын.
Шартты рай	Іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.	Етістік +(-са,-се) + жіктік жалғау	Мен сабақ оқысам, бес аламын.
Қалау рай	Іс-қимылды орындаушының қалауын, тілегін, ниетін білдіреді.	а) етістік+(-ғы,-гі,-қы,-кі)+тәуелдік жалғау/ «кел» етістігі	Біздің сабақ оқығымыз келеді.(келген, келді)
ә) етістіктің+(-ғай,-гей, -қай, -кей)+жіктік жалғау	Оқығайсыз келгейсің		
б) етістік+(-са, -се)+жіктік жалғау/ «игі еді»	Ол барса игі еді. Сен келсең игі е		

БӨӨЖ тапсырмасы: «Уақытты бағалау» тақырыбында өз ұсыныстары баяндалған жазылым жұмысын А4 форматына жазып, топқа ұсыну, өзара бағалау.

БӨЖ тапсырмасы: «ҚР дәрігерінің аңты» тақырыбына -рөлдік ойын. Топтық жұмыс.

7 сабақ. ҚазРесмедуниверситеті. Факультеттері.

Грамматикалық тақырып: етістік +ғы/гі/қы/кі +тәуелдік жалғауы келмейді/келмеді - құрылымы.

2. Мақсаты:

- университет туралы мағлұмат беру;
- мәтінінің мазмұнын жүйелі баяндауға үйрету;
- мәтінді пайдалана отырып, әңгіме құрғызуға үйрету;

- түрлі тапсырма жұмыстары арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландыру;
- күрделі сөздердің жазылуын практикалық жолмен меңгерту;
- өз бетінше сөйлем құрастыруға машықтандыру.

3. Міндеті:

1. Қарым-қатынас жасай алу компетенциясы бойынша сөйлеу әрекеттерінің түрлеріне сәйкес тапсырма жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің сөйлеу аясын кеңейту, әр түрлі тақырыптарда тыңдаушысын түсіне білуге және өз көзқарасын білдіре білуге машықтандыру, болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қатынас кезінде сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету.
2. Шығармашылықты болу компетенциясы бойынша берілген материалдар бойынша өз бетінше ізденуге, тіл оралымдарын үйретіп, студенттерді танымдық мәтіндермен шығармашылықта жұмыс істеуге дағдыландыру.

4. Негізгі ұғымдар:

а) лексикалық материал бойынша

1. ҚазРесмедуниверситеті. Факультеттері туралы түсінік.
2. Мәтінде кездесетін кейбір сөз тіркестерінің мәні туралы.
3. Мәтінді әңгімелеудегі тілдік оралымдар.

ә) грамматикалық материал бойынша

етістік +ғы/гі/қы/кі +тәуелдік жалғауы келмейді/келмеді -құрылымы туралы мағлұмат.

5. Сабақ өткізу жоспары:

А) Ұйымдастыру

Ә) Үй тапсырмасын сұрау

Б) Жаңа сабақты түсіндіру

Мәтін бойынша жұмыс

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, мәтін бойынша сұрақтарға жауап, пікірталас, салыстыру жүргізу, аударма жұмысын жасату.

Грамматикалық тақырып бойынша жұмыс

Жаңа сабақты қорыту

В) Студенттердің білімін бағалау

6. Білім берудің және оқытудың әдіс-тәсілдері:

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, сұрақ- жауап, грамматикалық тапсырмалар, сұхбат құрғызу, пікірталас, аударма жұмысын жасату.

7. Көрнекі құралдар: Тақта, ноутбук, оқу құралдары, үлестірмелі карточкаларды пайдалану.

8. Тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, өз пікіріңізді білдіріңіз.

ҚазРесмедуниверситеті

Қазақстан-Ресей медицина университеті еліміздегі ең ірі жекеменшік жоғары оқу орындарының бірі, бес рет мемлекеттік аттестаттаудан өтті (1998, 2003, 2007, 2012, 2017 г.) және мемлекеттік үлгідегі диплом береді. Біздің тарихымыз 1992 жылы ірі саяси және экономикалық қайта құрулар толқынында басталды, онда ғылым мен жоғары білімді реформалауға маңызды орын берілді. Дәл сол кезде ҚР Ғылым академиясының академигі, ҚР Медицина ғылымдары академиясының президенті, Халықаралық хирургтар қауымдастығының мүшесі, Қазақстанның Халық Қаһарманы Мұхтар Әлиұлы Әлиев профессор К.М. Маскеевпен және доценттер В. С. Голубченко мен О. А. Пановамен бірлесіп ТМД-да бірінші болып жеке меншік жоғары оқу орындарының бірін құрды. Сол

кезде ол қазақстандық медициналық Институт (ҚМИ) ретінде танымал болды. Кейін, 2010 жылы ЖОО Қазақстан-Ресей медициналық университеті болып өзгертілді.

ЖОО-ның білім беру бағдарламасы мемлекеттік білім беру стандартына толық жауап береді. Бұл ретте университет базасында республикадағы жоғары медициналық білімді жетілдіруге бағытталған оқытудың жана нысандары мен әдістері табысты сынақтан өткізілді,

ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған «Жана Қазақстан жана әлемде» Жолдауындағы 2020 жылға дейін денсаулық сақтау саласын дамытуды жүзеге асыру, максатында Университет ҚР Тұңғыш Президенті қорымен және «Асар» қоғамдық қорымен бірлесіп 2009 жылдан бері Қазақстан аймағындағы шалғайдағы елді мекен, тұрғындарына, жылжымалы медицина кешенімен медицина- санитарлық көмек көрсетуде. Университетте АСК дәрігерлері жылжымалы медицина бойынша оқу- тәжірибелік мектеп бар.

Қазақстан-Ресей медицина университеті алыс және жакын шетел жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты. Біздің серіктестеріміз сапында: А.Алмазов атындағы жүрек, эндокринология және кан Федеральды Орталығы (Россия)-«Nagasaki University» Япония, «Балтық Халықаралық академия» Латвия, Пятигорскі медико-фармацевтика институты, Волгоград мемлекеттік медицина университеті, Б.Н. Ельцин атындағы Қырғыз-Россия Славян университеті, Омск мемлекттік медицина университеті, «KGV EnterprisetLtd» Индия, Egopean Commission Directorate-General Development and Cooperation Europe Aid (DEVKO), Брюссель, Бельгия. Қазақстан-Ресей медициналық университеті өзінің барлық қызметінде студенттерге аса көңіл бөлетін мәдени өмір құру принципіне негізделеді. Университет студенттерді ЖОО-ның мәдени және интеллектуалдық, әртүрлілігіне қатысуға және оның негізінде дамуға мүмкіндік беретін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ынталандырады. Жастар ісі жөніндегі Комитет студенттерге білім беру тәжірибесін барынша табысты ету үшін олардың бастамаларында кеңес беріп, қолдау көрсетеді, ҚазРесмедуниверситетте-20-дан астам студенттік клубтар мен ұйымдар бар. Олардың қатарында зияткерлік клубтар, спорттық командалар, қайырымдылық ұйымдары мен үйірмелер бар. Университет қабырғасында жастар саясаты орталығы (әрі қарай ЖСО жұмыс істейді, қатысушылары әр түрді, курс студенттері). ЖСО студенттік іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады және студенттік өмірге жетекшілік етеді.

Сөздікпен жұмыс:

Қайырымдылық ұйым -

Іс-шара -

Жоғары оқу орны -

Мемлекеттік білім беру стандарты -

Жастар саясаты -

Серіктестік -

Санитарлық көмек –

Ұйымдастыру –

«ПОПС» ФОРМУЛАСЫН ҚОЛДАНЫП, ОЙ ТАРҚАТЫҢЫЗ.

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »
- Екінші сөйлем «СЕБЕБІ, МЕН ОНЫ БЫЛАЙ ТҮСІНДІРЕМІН ... »
- Үшінші сөйлем «ОНЫ МЕН МЫНА ФАКТІЛЕРМЕН, МЫСАЛДАРМЕН ДӘЛЕЛДЕЙ АЛАМЫН ... »
- Соңғы сөйлем «ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ МЕН МЫНАДАЙ ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМГЕ КЕЛДІМ ...»

2. Берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ойыңызды айтыңыз.

Университет жайында не білесіз?


Университеттің серіктестерін атаңыз?

Сіз университетке қандай өзгеріс енгізер едіңіз?

ҚазРесмедуниверситетте қандай клубтар мен ұйымдар бар?

Сіз қандай клуб не болмаса ұйым ашатын едіңіз?

3. Сызбаны толықтырыңыз. Әр факультет бойынша түсінік беріп өтіңіз.



4. Мақалды жалғастырыңыз.

Өмірдің өзі — ұстаз.

*** **

Жердің сәні — егін,

Ердің сәні —

*** **

Жер — ырыстың,

..... — ырыстың тізгіні.

*** **

Білімді тесікке дейін ізден.

*** **

Өнер — ағып жатқан,

Ілім — жанып тұрған

2. «Менің университетім» туралы шағын эссе жазыңыздар.

Етістіктің негізгі және туынды түбіріне немесе етіс және болымсыз етістік тұлғасына -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағы жалғанып, оған тәуелдік жалғауы келмеді, келмейді көмекші етістігімен тіркеледі. Кел көмекші етістігіне есімше, көсемше жұрнақтары жалғанып, әр түрлі шақ мәнінде III жақта қолданыла береді. Мысалы: (менің) бар-ғы-м кел-ді, (-еді, -іпті, -ген, -ер), (сенің) бар-ғы-ң кел-еді, (-ді, -пті, -ген, -ер), (сіздің) бар-ғы-ңыз кел-ер, (-ді, -іпті, -ген, -ер), (оның) бар-ғы-сы кел-іпті (-ді, -ген, -еді, -ер) (біздің) кет-кі-міз кел-ген (-ді, -еді, -ер, -іпті), (сендердің) кет-кі-лерің кел-ді. Демек, қалау райдың бұл түрі тәуелдік жалғауы жалғанып жіктеледі.

Қалау райдың жіктелу үлгісі.


Жақ	-ғы, -гі, -қы, -кі, -кел	-са, -се, — игі еді	-ғай, -гей, -қай, -кей
I.	барғым келмеді (-еді..)	барсам игі еді	барғаймын, барғай едім
II.	барғың келмеді(-еді.ң)	барсаң игі еді	барғайсың, барғай
	барғыңыз келмеді(-еді)	барсаңыз игі еді	барғайсыз барғай едіңіз
III.	барғысы келмеді(-еді..)	барса игі еді	барғай, барғай еді
I.	барғымыз келмеді(-еді..)	барсақ игі еді	барғаймыз, барғай едік
II.	барғыларың келмеді(-еді)	барсаңдар игі еді	барғайсыңдар.
			барғай едіңдер
	барғыларыңыз келмеді (-еді..)	барсаңыздар игі еді,	барғайсыздар, барғай едіңіздер
III.	барғылары келді (-еді..)	барса игі еді,	барғай, барғай еді

6. Етістік +ғы/гі/қы/кі әріптеріне аяқталатын сөздерге мысал келтіріңіз.

7. Көп нүктенің орнына мәтіннен қажетті сөз тіркестерін қойыңыздар.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған «Жана Қазақстан жана әлемде» Жолдауындағы 2020 жылға дейін саласын дамытуды жүзеге асыру, мақсатында Университет ҚР Тұңғыш Президенті қорымен және «.....» қоғамдық қорымен бірлесіп 2009 жылдан бері Қазақстан аймағындағы елді мекен, тұрғындарына, кешенімен медицина- санитарлық көмек көрсетуде. Біздің тарихымыз 1992 жылы ірі саяси және қайта құрулар толқынында басталды, онда ғылым мен жоғары білімді реформалауға маңызды орын берілді. студенттерді ЖОО-ның, әртүрлілігіне қатысуға және оның негізінде дамуға мүмкіндік беретін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ынталандырады. Жастар ісі жөніндегі студенттерге білім беру тәжірибесін барынша ету үшін олардың бастамаларында кеңес беріп, қолдау көрсетеді, ҚазРесмедуниверситетте-20-дан астам мен ұйымдар бар.

8. Сурет бойынша сұхбат құрастырыңыз.



9-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	-	?
<u>«Бұрыннан білемін»</u> Мұнда студенттер Мәтінде кездескен бұрыннан білетін мәліметтерді келтіреді	<u>«Жаңа ақпарат»</u> Бұл бағанға студенттер осы мәтінде жаңадан білгенін жазады	<u>«Менің ойлағаным қайшы, кереғар»</u> Мұнда студенттер бұрынғы білімдеріне қарама-қайшы мәтінде келтірілген мәліметтерді келтіреді («мен бұрын басқаша ойлайтынмын, ...»)	<u>«Келісе алмаймын. Білгім келеді»</u> Бұл бағанда студенттер өздері келіспейтін немесе түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін мәтіннің тұстарын жазады

БӨӨЖ тапсырмасы: «Маған университетім ұнайды» тақырыбына аргумент жазу жазылым жұмысын дайындау, топқа ұсыну.

8 сабақ . ҚазРесмедуниверситетіндегі қоғамдық өмір. Студенттік ұйымдар.

Грамматикалық тақырып: Етістік +ғы/гі/қы/кі + тәуелдік жалғау кел құрылымының көпше түрі.

2. Мақсаты:

- ҚазРесмедуниверситетіндегі қоғамдық өмір жайлы мағлұмат беру;
- Студенттік ұйымдар түрлерімен танысу;
- мәтінді пайдалана отырып, әңгіме құрғызуға үйрету;
- түрлі тапсырма жұмыстары арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландыру;
- күрделі сөздердің жазылуын практикалық жолмен меңгерту;
- өз бетінше сөйлем құрастыруға машықтандыру.

3. Міндеті:

1. Қарым-қатынас жасай алу компетенциясы бойынша сөйлеу әрекеттерінің түрлеріне сәйкес тапсырма жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің сөйлеу аясын кеңейту, әр түрлі тақырыптарда тыңдаушысын түсіне білуге және өз көзқарасын білдіре білуге машықтандыру, болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қатынас кезінде сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету.

2. Шығармашылықты болу компетенциясы бойынша берілген материалдар бойынша өз бетінше ізденуге, тіл оралымдарын үйретіп, студенттерді танымдық мәтіндермен шығармашылықта жұмыс істеуге дағдыландыру.

4. Негізгі ұғымдар:

а) лексикалық материал бойынша

1. ҚазРесмедуниверситетіндегі қоғамдық өмір. Студенттік ұйым туралы түсінік.
2. Мәтінде кездесетін кейбір сөз тіркестерінің мәні туралы.
3. Мәтінді әңгімелеудегі тілдік оралымдар.

ә) грамматикалық материал бойынша

Етістік +ғы/гі/қы/кі + тәуелдік жалғау кел құрылымының көпше түрі туралы мәлімет

5. Сабақ өткізу жоспары:

А) Ұйымдастыру

Ә) Үй тапсырмасын сұрау

Б) Жаңа сабақты түсіндіру

Мәтін бойынша жұмыс

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, мәтін бойынша сұрақтарға жауап, пікірталас, салыстыру жүргізу, аударма жұмысын жасату.

- **Грамматикалық тақырып бойынша жұмыс**

- **Жаңа сабақты қорыту**

В) Студенттердің білімін бағалау

6. Білім берудің және оқытудың әдіс-тәсілдері:

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, сұрақ- жауап, грамматикалық тапсырмалар, сұхбат құрғызу, пікірталас, аударма жұмысын жасату.

7. Көрнекі құралдар: Тақта, ноутбук, оқу құралдары, үлестірмелі карточкаларды пайдалану.

8. Тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді қазақшаға аударыңыз. Қысқаша мазмұнын айтып, мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіздер.

Медицина всегда была и остается одной из самых уважаемых и востребованных профессий. От древних целителей до современных специалистов, врачи играли важную роль в обществе, спасая жизни людей. Сегодня, когда мир сталкивается с новыми вызовами



и угрозами, потребность в квалифицированных медицинских работниках становится актуальна как никогда.

Казахстанско-Российский Медицинский Университет – один из крупнейших и динамично-развивающихся медицинских вузов в стране с более чем 30-тилетней историей. Здесь сочетаются лучшие традиции медицины с инновациями и современными технологиями, создавая уникальную образовательную среду для будущих специалистов.

Вуз был открыт в 1992г. на волне крупных политических и экономических преобразований в стране. Именно в то время академик Академии Наук РК, член Международной Ассоциации хирургов, Народный Герой Казахстана – [Мухтар Алиевич](#)

Алиев совместно с профессором Маскеевым К.М. и доцентами Голубченко В.С. и Пановой О.А. основал один из первых в СНГ частных вузов – тогда еще Казахстанский Медицинский Институт.

За это время вуз снискал славу ведущего медицинского вуза республики. В его стенах подготовлено десятки тысяч специалистов, успешно работающих сегодня в практическом здравоохранении.

Академик Алиев М.А. заложил традиции качественного медицинского образования – современного, соответствующего высочайшим стандартам, делая упор на практическую подготовку будущих врачей. Для этого организована внушительная научно-клиническая база вуза, в число которой вошли более ста ведущих клиник страны.

Мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

Университет жайында сіздің ойыңыз?

Ең алғаш қай жылы университет құрылды?

ҚазРесмедуниверситетіндегі қоғамдық өмір жайлы ойыңыз?

Университет қабырғасындағы қандай ұйымдарды білесіз?

2-тапсырма. Үлгі бойынша берілген сөздерді етістіктің +ғы/гі/қы/кі + тәуелдік жалғау кел құрылымының көпше түріне келтіріп жазыңыз. Тәуелдеу барысында болатын дыбыстық өзгерістің мәнісін түсіндіріңіз.

Үлгі: Біздің барғымыз келді

Жазу

Сурет салу

Кету

3-тапсырма. Университет тарихында із қалдырған адамдар туралы ақпараттар тауып, олар туралы айтып беріңіздер.

Т.А.Ж	• •
Т.А.Ж	• •
Т.А.Ж	• •

Қалау рай - қалау, тілекті білдіреді. Жасалу жолдары: Етістік +(-ғы, -гі, -қы, -кі) + тәуелдік жалғау/кел етістігі жалғану арқылы жасалады.

Жекеше

I жақ: Менің бар+ғы+м келеді (гі, -қы, -кі)

II жақ: Сенің бар+ғы+ң келеді

Сіздің бар+ғы+ңыз келеді

III жақ: Оның бар+ғы+сы келеді

Көпше

I жақ: Біздің бар+ғы+мыз келеді

II жақ: Сендердің бар+ғы+ларың келеді

Сіздердің бар+ғы+ларыңыз келеді

III жақ: Олардың бар+ғы+лары келеді

4-тапсырма. ҚазРесмедуниверситетін не себептен тандағандықтарыңыз туралы шағын эссе жазыңыз.

5-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, мақал-мәтелдерді толықтырыңыз.

1. Ұстаздан
2. Алтын алма,
3. Ғылым — теңіз,
4. Тіліңмен жүгірме,
5. Көп жасаған білмейді,
6. Оқымаған бір бала,
7. Оқу – білім
8. Жақындықты ат айырады,
9. Оқығаныңды айтпа,
10. Білім басы – бейнет,
11. Оқығаныңды айтпа,

6-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Білім ордасы, әлемдік деңгей, жетекші оқу орны, дербес, ғылыми орталық, өзін-өзі басқару, мәртебесі, оқу ғимараты, бағыт, университет қалашығы, оқу жүйесі, ұлттық оқу орны.

7-тапсырма. Мына сұрақтар төңірегінде өзара сұқбат құрыңыз.

1. Университетте қанша факультет бар?
2. Универсиетте қанша студент оқиды?
3. Университетте қандай факультеттер бар?
4. Университеттегі оқыту жүйесі туралы не білесіз?

5. Университетте білім беру сапасы қандай деңгейде?
6. Студенттер жатақханамен толық қамтамасыз етіле ме?

8-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	-	?
<u>«Бұрыннан білемін»</u> Мұнда студенттер мәтінде кездескен бұрыннан білетін мәліметтерді келтіреді	<u>«Жаңа ақпарат»</u> Бұл бағанға студенттер осы мәтінде жаңадан білгенін жазады	<u>«Менің ойлағаныма қайшы, кереғар»</u> Мұнда студенттер бұрынғы білімдеріне қарама-қайшы мәтінде келтірілген мәліметтерді келтіреді («мен бұрын басқаша ойлайтынмын, ...»)	<u>«Келісе алмаймын. Білгім келеді»</u> Бұл бағанда студенттер өздері келіспейтін немесе түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін мәтіннің тұстарын жазады

9-тапсырма. Сөздікпен жұмыс жасаңыз. Орысшадан қазақшаға аударыңыз, қолдану аясын түсіндіріңіз.

Университет — (от лат. universitas – совокупность). Высшее учебное заведение, которое реализует образовательные программы высшего и послевузовского профессионального образования по широкому кругу специальностей.

Устав вуза — регистрируемый в установленном порядке нормативный акт, определяющий наиболее существенные моменты, связанные со структурой вуза, его управлением и организацией учебного процесса

Ученая степень — степень, присуждаемая президиумом Высшей аттестационной комиссии на основании ходатайства диссертационного совета вуза. Для получения ученой степени необходимо защитить кандидатскую или докторскую диссертацию. Существуют ученые степени кандидата и доктора наук

Ученое звание — звание, присваиваемое президиумом Высшей аттестационной комиссии на основании ходатайства Ученого совета вуза за достижения в науке, большое количество научных публикаций, определенный стаж научно-педагогической деятельности. Существуют ученые звания доцента и профессора

Факультет — структурное подразделение вуза, объединяющее несколько кафедр близкого профиля; возглавляется деканом

Формы обучения — действующее законодательство предусматривает формы: дневная, заочная, вечерняя, дистанционная.

Государственный образовательный стандарт — документ, содержащий основные требования к содержанию, качеству и уровню организации учебного процесса; для каждого направления (специальности подготовки) содержит требования к минимуму содержания программы подготовки

Декан — руководитель факультета, в полномочия которого входит решение вопросов учебной, воспитательной и научной работы, а также вопросов, связанных с приемом, отчислением, переводом, акад. отпуском и пр.

БӨӨЖ тапсырмасы: «Менің университетім» тақырыбына SWOT талдау. Презентация жасау.

9 сабақ . Медициналық университеттің студенті болудың қиындықтары мен жетістіктері.

Грамматикалық тақырып: Болымсыздық есімдіктері.

2. Мақсаты:

- медициналық университеттің студенті болудың қиындықтары мен жетістіктері жайында мағлұмат беру;
- мәтінді пайдалана отырып, әңгіме құрғызуға үйрету;
- түрлі тапсырма жұмыстары арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландыру;
- күрделі сөздердің жазылуын практикалық жолмен меңгерту;
- өз бетінше сөйлем құрастыруға машықтандыру.

3. Міндеті:

1. Қарым-қатынас жасай алу компетенциясы бойынша сөйлеу әрекеттерінің түрлеріне сәйкес тапсырма жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің сөйлеу аясын кеңейту, әр түрлі тақырыптарда тыңдаушысын түсіне білуге және өз көзқарасын білдіре білуге машықтандыру, болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қатынас кезінде сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету.

2. Шығармашылықты болу компетенциясы бойынша берілген материалдар бойынша өз бетінше ізденуге, тіл оралымдарын үйретіп, студенттерді танымдық мәтіндермен шығармашылықта жұмыс істеуге дағдыландыру.

4. Негізгі ұғымдар:

а) лексикалық материал бойынша

1. медициналық университеттің студенті болудың қиындықтары мен жетістіктері жайында түсінік.

2. Мәтінде кездесетін кейбір сөз тіркестерінің мәні туралы.

3. Мәтінді әңгімелеудегі тілдік оралымдар.

ә) грамматикалық материал бойынша

Болымсыздық есімдіктері

5. Сабақ өткізу жоспары:

А) Ұйымдастыру

Ә) Үй тапсырмасын сұрау

Б) Жаңа сабақты түсіндіру

Мәтін бойынша жұмыс

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, мәтін бойынша сұрақтарға жауап, пікірталас, салыстыру жүргізу, аударма жұмысын жасату.

- **Грамматикалық тақырып бойынша жұмыс**

- **Жаңа сабақты қорыту**

В) Студенттердің білімін бағалау

6. Білім берудің және оқытудың әдіс-тәсілдері:

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, сұрақ- жауап, грамматикалық тапсырмалар, сұхбат құрғызу, пікірталас, аударма жұмысын жасату.

7. Көрнекі құралдар: Тақта, ноутбук, оқу құралдары, үлестірмелі карточкаларды пайдалану.

8. Тапсырмалар:

1-тапсырма. Сұхбат құруға қажетті сөздерді және сөз тіркестерін есіңізге сақтаңыз.

Жетістік, университет, оқытушы, медицина, ауру, ем алу, дәрігер, оқытушы, студент, дәрі-дәрмек.

2-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Медицина – такое широкое поле действий, что на нем может найти себе поприще человек любого склада.

Мужество, воля, точный глаз, послушная, гибкая рука – идите в хирургию; терпеливость в наблюдении, умение делать выводы о больном, построенные на тончайших деталях его поведения, - готовьтесь стать психиатром или невропатологом. Может быть, у вас больше развито эстетическое чувство, любовь к пластике красивого и здорового тела – валяйте на лечебную физкультуру, готовьтесь стать тренером мастеров спорта. Мало вам этого? Есть еще детские болезни, где врач может с особенной полнотой проявить свою гуманность, если он ею обладает.

А общая терапия? Блестящая диагностика универсала – знатока человеческой машины? Подвижничество, ежедневный подвиг повсеместного служения.

«Кім тез табады?» ойыны

Төмендегі жұмбақтарды шешіп, сөйлемнің түрлерін анықтаңыз. Олар қандай сөйлемдер?

- | | |
|---|--|
| 1. Жотада бар
Кеуіп жатқан
Жалғыз оқпан. | 3. Шыңда бар орман,
Құсы жоқ қонатын.
Тек қана қолменен,
Шөбі көп оратын. |
| 2. Алқапта бар биік тау,
Алды тік жар қиық тау.
Қос үңгірі желдетіп,
Ауа жұтар селдеті | 4. Үңгір толы асыл тас. |

Болымсыздық есімдігіне ештеңе, ештеме, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайдан, ешқайда, дәнеңе, дәнеме деген болымсыздық мағынаны білдіретін сөздер жатады.

Болымсыздық есімдіктері еш сөзімен бір, кім, қашан, қайдан, қандай деген есімдіктердің бірігуі арқылы жасалып, бірге жазылады: ешбір, ешқашан, ешқандай, ешкім, т.б. Ал еш сөзі басқа сөздермен (зат есімдермен) тіркесіп келгенде, бөлек жазылады: еш адам, еш оқиға, еш кітапта, еш жерде, еш уақытта, еш мүмкіндік, еш ата-ана, т.б.

Болымсыздық есімдіктерінің ерекшеліктері:

1. Ешкім, ештеңе, ештеме, дәнеңе, дәнеме, ешқайсысы деген болымсыздық есімдіктер сөйлемде зат есім орнына қолданылып кім, не? деген сұраққа жауап берсе – бастауыш қызметін атқарады.
2. Ешқашан, ешқайда, ешқайдан есімдіктері мезгілдік, мекендік мәнде жұмсалып, пысықтауыш болады.
3. Ешқандай есімдігі қандай? сұрағына жауап беріп, заттың сынын білдіріп, анықтауыш қызметін атқарады.

3-тапсырма. Болымсыздық есімдіктерді қатыстырып 4-5 сөйлем жазыңыз. Бір сөйлемді сөз таптарына талдаңыз.

1. _____

2. _____
3. _____
4. _____

4-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, аударыңыз. Түсінгеніңіз бойынша әңгімелеп беріңіз.

1. Тәні саудың жаны сау.
2. Ұйқы - тынықтырады,
Жұмыс - шынықтырады.
3. Тыста ұзақ жүргенің,
Ұзақ өмір сүргенің.
4. Аурудың жақсысы жоқ,
Дәрінің тәттісі жоқ.


5-тапсырма. Сөзжұмбақ (Қазақшасын жазыңыз.)

1											
2											
3											
4											
5											
6											
7											

1. Знания
2. Преподаватель
3. Успех
4. Лекарство
5. Жизнь
6. Врач
7. Оценка

6-тапсырма. Медициналық университеттің студенті болудың қиындықтары мен жетістіктері тақырыбында шағын эссе жазыңыз.

7-тапсырма. Берілген сызбаны толықтырыңыз. Сіздің ойыңызша студенттерге университетте оқудың қандай қиындықтары бар? Шешу жолы бар ма?



8-тапсырма. Төмендегі мәтінді қазақ тіліне аударып, медициналық атауларды табыңыз. Сөздікпен жұмыс жасаңыз.

Все знают, что нас окружают многочисленные микроорганизмы, однако болезни они вызывают не всегда. Дело в том, что в процессе эволюции в организме человека сформировалась система защиты против микробов – иммунитет.

Иммунитет – совокупность защитных приспособлений организма, направленных на уничтожение и удаление паразитов, чужеродных клеток, в том числе опухолевых, и

веществ. В реакциях иммунитета участвуют костный мозг, вилочковая железа, селезенка, клетки крови – макрофаги, Т- и В-лимфоциты и др. Регулируется иммунный ответ организма нервной и эндокринной системой с помощью сложных биохимических реакций.

Миллиарды микроорганизмов живут на коже и слизистых оболочках ротовой полости, кишечника, дыхательных путей. Они участвуют в процессе пищеварения и даже защищают наш организм от вторжения в него патогенных, т.е. способных вызывать болезнь, бактерий и вирусов. Но многие из них готовы превратиться в паразитов, использующих ткани человека в качестве питательной среды. Обязательное условие для этого – ослабленность, беззащитность организма. Или, как говорят ученые, должна развиться иммунная недостаточность (иммунодефицит).

БӨӨЖ тапсырмасы: «Маған ұнайтын үйірме» өзі қатысатын үйірме туралы постер жасау.

БӨЖ тапсырмасы: «Дәрігерлік этика. Деонтологиялық қағидалар» пікірталас.

10 сабақ . Біздің болашақ мамандық.

Грамматикалық тақырып: Белгісіздік есімдіктері

2. Мақсаты:

- мамандық жайлы мағлұмат беру;
- мәтінді пайдалана отырып, әңгіме құрғызуға үйрету;
- түрлі тапсырма жұмыстары арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландыру;
- күрделі сөздердің жазылуын практикалық жолмен меңгерту;
- өз бетінше сөйлем құрастыруға машықтандыру.

3. Міндеті:

1. Қарым-қатынас жасай алу компетенциясы бойынша сөйлеу әрекеттерінің түрлеріне сәйкес тапсырма жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің сөйлеу аясын кеңейту, әр түрлі тақырыптарда тыңдаушысын түсіне білуге және өз көзқарасын білдіре білуге машықтандыру, болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қатынас кезінде сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету.

2. Шығармашылықты болу компетенциясы бойынша берілген материалдар бойынша өз бетінше ізденуге, тіл оралымдарын үйретіп, студенттерді танымдық мәтіндермен шығармашылықта жұмыс істеуге дағдыландыру.

4. Негізгі ұғымдар:

а) лексикалық материал бойынша

1. болашақ мамандық жайында түсінік.
2. Мәтінде кездесетін кейбір сөз тіркестерінің мәні туралы.
3. Мәтінді әңгімелеудегі тілдік оралымдар.

ә) грамматикалық материал бойынша

Белгісіздік есімдіктері

5. Сабақ өткізу жоспары:

- А) Ұйымдастыру
- Ә) Үй тапсырмасын сұрау
- Б) Жаңа сабақты түсіндіру

Мәтін бойынша жұмыс

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, мәтін бойынша сұрақтарға жауап, пікірталас, салыстыру жүргізу, аударма жұмысын жасату.

- **Грамматикалық тақырып бойынша жұмыс.**

- Жаңа сабақты қорыту .

В) Студенттердің білімін бағалау

6. Білім берудің және оқытудың әдіс-тәсілдері:

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, сұрақ- жауап, грамматикалық тапсырмалар, сұхбат құрғызу, пікірталас, аударма жұмысын жасату.

7. **Көрнекі құралдар:** Тақта, ноутбук, оқу құралдары, үлестірмелі карточкаларды пайдалану.

8. Тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, өз пікіріңізді білдіріңіз.

Мамандық (лат. Professio - «ресми түрде көрсетілген кәсіп») - бұл белгілі бір салада арнайы білім мен дағдыларды қажет ететін, адам оқу, теориялық және практикалық дайындық нәтижесінде, сондай-ақ жинақталған тәжірибе нәтижесінде алатын адам қызметінің бір түрі. Мамандық тандаудағы нұсқаулық:



1-қадам.

Мамандық алу арнайы, орта арнаулы (техникалық мектептер, колледждер, мектептер) және жоғары (институт, университет, консерватория, семинария, академия, студия мектебі және т.б.) оқу орындарында жүзеге асырылады.

2-қадам.

Орта арнаулы оқу орындары, әдетте, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс, денсаулық сақтау

және басқа салалардағы мамандарды дайындайды. Техникалық мектептер техникалық мектептер деп аталады. Техникалық оқу орындарының түлектері - бұл тікелей жұмыс орындаушылар, орта және жоғары деңгейлі мамандардың көмекшілері немесе төменгі жұмысшылардың еңбегін ұйымдастырушылар.

3-қадам.

Мектептер экономика, педагогика және медицина салалары бойынша мамандар даярлайды. Театр, сурет, әскери мектептер де бар, оларды кейде мектеп деп атайды. Мектеп түлектері оқуын жалғастыру және кәсіби біліктілігін арттыру үшін жоғары оқу орындарына жиі барады.

4-қадам.

Жоғары оқу орындары ғылым, мәдениет, педагогика, экономика, құқықтану, медицина, әскери істер, рухани білім және т.б.

5-қадам.

Мамандықтардың тізімі өте алуан түрлі және көптеген бағыттарды қамтиды, оларда өз кезегінде мамандықтар бар. Мағынасы жағынан «мамандық» ұғымы мамандық ұғымына жақын. Бұл нақты, белгілі бір кәсіптің жергілікті бағытына бағытталған және нақты білімге, білік пен дағдылардың жүйесі. Мысалы, медициналық мамандықта дәрігерлер әртүрлі мамандықтарға ие - хирургтар, терапевтер, онкологтар, невропатологтар және т.б.; педагогикада - әр түрлі пән мұғалімдері, кинода - актерлер, режиссерлер, сценаристер, каскадерлар, операторлар және т.б.

6-қадам. Мамандық көбінесе негізгі табыс көзі болып табылатын бизнеске айналады, сондықтан оны «жұмыс» сөзімен синоним деп санайды. Мамандық бірдей білім профиліндегі адамдарды қызығушылықтары, ойлары, өмір салты, тілектері бірдей кәсіби қауымдастыққа біріктіреді. Мамандық адамға өмірлік мақсат алуға, өз жолын таңдауға мүмкіндік береді.

7-қадам. Кәсіби маман дегеніміз - өз саласында үнемі өсіп, дамып, тәжірибе жинақтап, біліктілігін көтеріп отыратын адам. Кәсіби маман мансап сатысымен көтеріліп, жоғары лауазымдарға көбірек ие болып, табысын және сәйкесінше материалдық өмір жағдайын арттырады. Сондықтан мамандықты игерудің өмірді жақсартуда және тұрақтандыруда және болашаққа деген сенімділікте көптеген артықшылықтары бар.



Сөздікпен жұмыс:

мамандық – профессия,
оқытушы – преподаватель
маман – специалист,
заңгер – юрист
құрылысшы – строитель,
дәрігер – врач
суретші – художник,
сәулетші – архитектор
бағдарламашы – программист
аудармашы – переводчик

2-тапсырма. «Біздің болашақ мамандық» тақырыбына қатыстыра отырып сұхбат құраңыз.

--Наташа, сіздің мамандығыңыз кім?

– Наташа, кто вы по профессии?

-- Менің мамандығым – заңгер.

– Моя профессия – юрист.

-- Ал сіздің мамандығыңыз кім?

-- А вы кто по профессии?

-- Менің мамандығым – сәулетші.

– Моя профессия – архитектор.

-- Сіздің досыңыздың мамандығы кім?

–А кто ваш друг по профессии?

3-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін аударып, мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Жан сергіту, дәрігер, ем алу, дәрумендер, аурухана, оқытушы, білім ордасы, қоғамдық өмір, университет, мамандық, дәрі-дәрмек, медицина, мұғалім.

4-тапсырма. «Ойлан, тап» ойыны: «Мамандық» деген сөзден екі минут ішінде көп сөз жасап шығыңыз.

5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, еліміздегі сан алуан мамандық туралы ой бөлісіңіз. Шағын эссе жазыңыз.

Белгісіздік есімдігі – затты, сындық белгіні, сан мөлшерді жорамалдап, тұспалдап көрсететін сөздер. Белгісіздік есімдігіне: бір, біреу, кейбір, кейбіреу, әрбір, әрбіреу, қайбір, қайбіреу, біраз, бірдеме, бірнеше

әлде, әлдекім, әлдене, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқайдан; әр, әркім, әрне, әрқашан, әрқандай, әрқайсысы, әрбір, әрбіреу, кімде-кім деген сөздер жатады.

6-тапсырма. Белгісіздік есімдігін қатыстыра отыра 4-5 сөйлем құраңыз.

- _____
- _____
- _____


7-тапсырма. Мәтіннен тиісті сөз, сөз тіркестерін тауып толықтырыңыз.

Мамандықтардың тізімі өте алуан түрлі және көптеген _____ қамтиды, оларда өз кезегінде _____ бар. Мағынасы жағынан «мамандық» _____ мамандық ұғымына жақын. _____ мектептер техникалық мектептер деп аталады. Техникалық оқу орындарының түлектері - бұл тікелей жұмыс орындаушылар, _____ және _____ деңгейлі мамандардың көмекшілері немесе төменгі жұмысшылардың еңбегін ұйымдастырушылар. Кәсіби маман _____ сатысымен көтеріліп, жоғары лауазымдарға көбірек ие болып, табысын және сәйкесінше _____ өмір жағдайын арттырады.

8-тапсырма. Суреттерді қатыстыра отырып, сөзжұмбақ құрастырыңыз.



9-тапсырма. ТОП – 10 мамандық тізімін құрастырыңыз. Әр мамандыққа белгісіздік есімдігін қатыстыра отырып сипаттама беріңіз.



БӨӨЖ тапсырмасы: «Мен үлгі тұтатын дәрігер» ақпарат жинау.

11-сабақ. Білікті маман

Грамматикалық тақырып: Жедел өткен шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы шырайы, өйткені, себебі жалғаулықтары.

2. Мақсаты: Коммуникативтік жағдаяттағы ойды әртүрлі мағыналық реңкпен беру.

3. Міндеттері.

1. Когнитивті – білім компетенциясы бойынша кәсіби бағытта мамандығына сәйкес тіл оралымдарын үйретіп, студенттерді медициналық арнайы мәтіндерді түсініп оқуға, сауатты жазуға дағдыландыру;
2. Операционалды – дағды компетенциясы бойынша лексикалық – грамматикалық тіл ерекшеліктерін меңгертіп, терминдерді қолданылудағы бірізділікті, оларға қойылатын талапты сақтай отырып, студенттерді сауаттылыққа тәрбиелеу;

3. Коммуникативті компетенция бойынша сөйлеу әрекеттерінің түрлеріне сәйкес жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің болашақ мамандықтарына қатысты сөйлеу аясын кеңейту;

4. Өзін-өзі дамыту компетенциясы бойынша ғылыми-қоғамдық және медициналық терминдермен жұмыс істей білуге машықтандыру, болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қатынас кезінде әр түрлі тақырыптарда тындаушысын түсіне білуге және өз көзқарасын білдіре білуге машықтандыру.

4. Негізгі ұғымдар:

а) лексикалық материал бойынша
Білікті маман.

Мамандық және қызмет

ә) грамматикалық материал бойынша

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы шырайы, өйткені, себебі жалғаулықтары

5. Білім берудің және оқытудың әдіс-тәсілдері:

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, грамматикалық тапсырмалар, пікірталас, салыстыру, аударма жұмысын жасату.

Репродуктивті: теориялық материалды түсіндіру, мәтіндерді талдау, тілдік және коммуникативті жаттығуларды орындау.

Көрнекі: анықтамалық диаграммалар мен кестелерді қолдану.

Интерактивті: лингвистикалық терминдермен және сөйлеу тақырыбының кілт сөздерімен құрылуы; сұрақтарға шабуыл жасау.

6. Көрнекі құралдар: Тақта, ноутбук, ас қорыту жүйесінің суретін, оқу құралдарын, үлестірмелі карточкаларды пайдалану.

7. Тақырып бойынша тапсырмалар:

1-тапсырма Глоссарий. Лексикалық тақырып бойынша екі тілде берілген кілт сөздер мен тұрақты тіркестермен танысыңыздар:

Қазақ тілі	Орыс тілі
Мамандық	Специальность
теориялық білім	теоретические знания
тәжірибеден өту	стажировка
күжат	документ
заман талабы	требование времени
ғылыми білім	научные знания
адам ағзасы	организм человека
науқас	больной
тұлға	личность
күйзеліс	стресс
біліктілік	квалификация
немқұрайлы	равнодушный
төзімді	терпеливый
сырқат	болезнь
құрмет	уважение
ағза	организм
ауруды басатын дәрі-дәрмек	обезболивающие средства

шоғырлану	локализация
асқазан	желудок

2-тапсырма. Мәтінді қысқаша мазмұндап айтып беріңіздер. Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіздер.

Мамандық

Мамандық дегеніміз – белгілі бір дайындықты қажет ететін және тіршілік ету көзі болып табылатын еңбек түрі. Мамандық алу үшін арнайы оқу орынында оқу керек. Болашақ мамандық иесі алдымен теориялық білім алады, сонан соң ол өз білімін оқытушының басшылығымен тәжірибеден өту арқылы бекітеді. Оқу орынын бітірген соң, жас маман өзінің белгілі бір мамандық иесі екенін дәлелдейтін құжат – диплом (куәлік, аттестат, сертификат) алып шығады.

Мамандық таңдауда қателеспеу керек, себебі таңдаған мамандығың сенің тағдырыңа әсер етеді. Өзіңе ұнаған, жаның жақсы көретін мамандықты таңдасаң ғана еңбегің жемісті болады, еңбек етуден ләззат аласың. Сондай-ақ мамандықты таңдауда ол мамандық қолыңнан келе ме, оған бейімің бар ма оны да білуің керек. Қазақ халқында «Көтере алмас шоқпарды беліңе байлама» деген мақал бар. Адам өзінің қолынан келетін мамандықты таңдауы керек екендігі туралы ұлы Абай былай деген:

«Сенде бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан».

Қазіргі күнде мамандықтың түрлері көп. Әркім өзінің жүрек қалауымен көңіліне жағатын мамандықты іздейді. Заман талабы бойынша мамандық түрлері де өзгеріп отырады. Бірақ соның ішінде ешқашан өзгеріске ұшырамайтын мамандық түрлері де бар. Солардың бірі – медицина, яғни дәрігер мамандығы.

Медицина (лат. *medicine*: *medicus* – дәрігерлік, емдік) – адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту, сырқаттарды емдеу мен аурудың алдын алуға бағытталған ғылыми білім мен тәжірибелік іс-әрекеттер жүйесі.

Дәрігер мамандығы – ең көне кәсіптердің бірі. Дәрігер – адам ағзасын, ауру түрлерін, олардың пайда болу себептерін білетін, аурудың алдын алу мен оларды емдеу тәсілдері туралы білімін тәжірибе жүзінде қолдана алатын адам.

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейді. Дәрігер адам анатомиясы мен физиологиясын терең білетін, кез келген жағдайдағы науқастан жиіркенбейтін, қаннан қорықпайтын, адам тағдырына немқұрайды қарамайтын, күйзеліске төзімді, жүйкесі мықты жан болуы керек.

Ежелден дәрігер тұлғасына қоғам ерекше талап қойған, олардың білімі мен біліктілігіне және адамгершілік қасиеттеріне көп мән берген. Адамдар дәрігердің тәжірибесіне, қайырымдылығы мен әдептілігіне баса назар аударады, оған құрметпен қарайды. Тәжірибесі мол, жоғары білікті дәрігерге үлкен құрмет көрсетеді, себебі дәрігер мәдениеттіліктің, зиялылықтың, салауатты өмір салтының үлгісі болып табылады. Дәрігер білімді маман болумен қатар, науқастардың жағдайларына әсер ететін қоғамдық өмірге араласатын жан-жақты азамат болуы тиіс.

Адамгершілігі жоғары, таңдаған мамандығына сай дәрігерді халық құрметтейді. Ол өзін азамат әрі дәрігер деп қабылдаған қоғам алдында жұмысын адал атқаруы тиіс. Дәрігердің сыпайылығы – оның ең басты және қажетті қасиеттерінің бірі болып табылады.

Мен дәрігерлік мамандықты жүрек қалауым бойынша таңдадым. Мен жақсы маман болатыныма сенемін және мен оқитын оқу орнында бұл мамандықты толық игеріп шығуға зор мүмкіндік бар.

Мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Мамандық дегеніміз не?
2. Мамандық алу үшін не істеу керек?
3. Мамандық таңдауда нені басшылыққа алу керек?
4. Медицина дегеніміз не?
5. Дәрігер мамандығы қандай мамандық және дәрігер қандай болуы керек?
6. Дәрігер нені жақсы білуі керек және дәрігерді адамдар не үшін құрметтейді?

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына мәтіннен қажетті сөз тіркестерін қойыңыздар.

1. Белгілі бір дайындықты қажет ететін және тіршілік ету көзі болып табылатын еңбек түрін – 2. Таңдаған мамандығың сенің тағдырыңа әсер етеді, сондықтан қателеспеу керек. 3. Науқастан жиіркенбейтін, адам анатомиясы мен физиологиясын адам ғана жақсы дәрігер болады. 4. Дәрігер жұмысын адал атқаруы тиіс. 5. Дәрігер – аурудың себептерін жақсы білетін адам. 6. Адам өзінің мамандықты таңдауы керек. 7. Дәрігерлік мамандық – ешқашан мамандық. 8. Жас маман өзінің белгілі бір екенін дәлелдейтін құжат алады. 9. Мен болашақта боламын. 10. Мамандық түрлері бойынша өзгеріп отырады.

4-тапсырма . Келісемін, келіспеймін, дәлелде»

1. Мамандық бір-ақ рет және біржола таңдалады.
2. Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты.
3. Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне тікелей байланысты.
4. Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады.
5. Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.
6. Жақсы білім алу үшін, қымбат оқу орнына түсу керек.
7. Ақша болса, мамандық қажет емес.
8. Мамандық таңдауда психологтың көмегі қажет.
9. Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестігі.
10. Таңдайтын мамандығымды болашақ табысым айқындайды.
11. Мамандық таңдау – күнкөріс қамы.

5- тапсырма. Берілген сұрақтарға “иә”немесе “жоқ” деп жауап беру қажет.

1. Таңдаған мамандығыңның мазмұны туралы білесің бе?
2. Болашақ мамандығыңа қоятын талаптарды, еңбек ақысы туралы білесің бе?
3. Таңдаған мамандығыңды қай оқу орны дайындайды?
4. Таңдаған мамандығыңа жеке қасиеттерің, қабілетің сай келе ме?
5. Таңдап отырған мамандығыңа білімің сай келе ме?
6. Таңдаған мамандығыңды игеруге мектептегі пәндердің қайсысы қажет екендігін білесің бе?

6-тапсырма. Қай мақал-мәтелдер мәтін мазмұнына сәйкес келеді?

1. Көз қорқақ, қол батыр.
2. Оқығанды айтпа, тоқығанды айт.
3. Бес саусақ бірдей емес
4. Талаптыға нұр жауар.
5. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
6. Жаман жолдастан, таяғым артық.
7. Аз сөз-алтын, көп сөз-көмір.

8.Еңбек етсең, емерсің.

7-тапсырма. Дәрігер мамандығын не себептен таңдағандықтарыңыз туралы шағын эссе жазыңыздар.

Сын есім. Сын есімнің шырайлары

Заттың түсін, сапасын, белгісін, күйін, салмағын, көлемін т.б қасиеттерін білдіретін сөздер сын есім деп аталады. Сын есімдер қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Сын есімдер мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сапалық (качественные) және қатыстық (относительные) сын есім болып екіге бөлінеді.

Сапалық сын есім деп мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын яғни, түрі мен түсін (ақ, қызыл, көк, сұр т.б.) сыны мен сапасын (жақсы, жаман, тәуір, нашар т.б.) көлемі мен аумағын (үлкен, кіші, кең, тар, ауыр, жеңіл т.б.) дәмі мен иісін (ащы, тәтті т.б.) және де басқа қасиеттерін білдіретін сөздерді айтамыз.

Қатыстық сын есімдер деп бір зат пен екінші бір заттың қатысын, байланысын білдіретін сын есімдерді айтамыз. Мысалы: Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар дегендегі балалы, баласыз деген сөздер үйдің баласы бар, жоғын білдіріп тұр.

Қатыстық сын есімдер басқа есімдер мен етістіктерден жұрнақтар арқылы жасалады да, заттың түрі мен түсіне, кескіні мен келбетіне, сыры мен сынына, я ішкі қасиеті мен сипатына, мекені мен мезгіліне және басқа да сол сияқты қасиетіне қатысты ұғымды білдіреді. Мысалы: шөп-ті (жер), балық-сыз (көл), мал-ды (ел), сөз-шең (адам), сүрін-шек (ат), сүз-еген (сиыр), үй-дей (тас) т.б.

Сын есімнің морфологиялық белгісінің бірі – шырай категориясы. Егер түстің не көлемнің өзін алсақ, ол үнемі бірдей бола бермейтіні белгілі. Мәселен қызыл деген түсті алсақ, бірде – шымқай қызыл, нағыз қызыл, бірде – қызылырақ, бірде – қып-қызыл, бірде өте (тым) қызыл болып, бір түстің өзі алуан түрлі құбылыста тұрады. Осы сияқты бір нәрсені үлкен деп, көлемін не аумағын топшыласақ, оны басқа бір өзі көлемдес заттармен салыстырып, біреуін – үлкендеу, біреуін – үлкенірек, біреуін – үп-үлкен, енді біреуін - өте үлкен деп әртүрлі мөлшер айтамыз. Өйткені, бір затты екінші заттан ажырату үшін оның өзіне тән ерекшелігін білу қажет. Ондай заттардың сындарын салыстырып, теңеу арқылы ажыратады. Олай болса, шырай дегеніміз – белгілі бір нәрседегі (бір түстес) біркелкі сындық сапаның әртүрлі сындық дәрежелерін білдіру.

Қазақ және орыс тілдерінде сапалық сын есімдердің салыстырмалы және күшейтпелі шырайлары бар.

Салыстырмалы шырай (сравнительная степень) заттың сапа белгісінің не артық, не кем екенін басқа бір заттың сапа белгісімен салыстыра көрсетеді. Мысалы: Біздің пәтеріміз сіздердікінен биіктеу, кеңірек және жарықтау.

Салыстырмалы шырай сын есімге әртүрлі жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

А) –рақ, -рек (дауысты дыбысқа аяқталған сын есімдерге): жылы-рақ, кіші-рек; -ырақ, -ірек (дауыссыз дыбысқа аяқталған сын есімдерге): суық-ырақ – суығырақ, биік-ірек – биігірек, үлкен-ірек т.б.

Ә) -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу. Дауысты және үнді р, у, й дыбыстарына аяқталған сын есімдерге -лау, -леу, ұяң және үнді н, ң, л дыбыстарына аяқталғандарға -дау, -деу, ал қатаң дауыссыздар аяқталған сын есімдерге -тау, -теу жұрнақтары жалғанады. Мысалы: кара+лау (чернее), сары+лау (желтее), тәтті+леу (слаще), жарық+тау (светлее), биік+теу (высоковатый).

Б) –ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -шіл, -ілдір, -қай, -ғыш. Бұл жұрнақтар заттың түр-түсін білдіретін сапалық сын есімдерге жалғанып, кішірейту, жуықтату мағынасын береді. Мысалы: бозғылт (бледноватый), қоңырқай (коричневатый), сарғыш (желтоватый).

Сондай-ақ қазақ тілінде салыстырмалы шырай туғызатын аса өнімді емес -шыл, -шіл (ақ+шыл – беловатый, көк+шіл – синеватый) жұрнағы бар, ал -ілдір жұрнағы тек қана көк деген сын есімге ғана жалғанады (көк+ілдір – көгілдір – синеватый).

Күшейтпелі шырай (превосходная степень) бір заттың сапасы мен сынын салыстыра келіп, оның өзі тәріздес басқа нәрселерден өте артықтығын немесе кемдігін әсірелей көрсетеді. Қазақ тілінде сын есімнің күшейтпелі шырайы былай жасалады: а) сын есімнің алдына күшейткіш буындар қойылу арқылы: қып-қызыл, жап-жақсы, әп-әдемі, кіп-кішкене, біп-биік, сұп-сұлу; ә) сын есімдердің алдында өте, тым, орасан, тіпті, ең, нағыз, нақ сияқты күшейткіш үстеулер қолданылу арқылы жасалады. Мысалы: Алматы – ең әдемі қалалардың бірі. Қалада өте биік үйлер көп.

8-тапсырма. Сөйлемдерді аударыңыздар. Сын есімнің шырайларын, түрлерін (сапалық, қатыстық) анықтаңыздар.

1.Әдемі, жұмсақ және әр түрлі дыбыстар шығаратын ойыншықтар балалардың назарын аударады. 2.Баланың бөлмесі жылы, жарық және жайлы болуы керек. 3.Өте қалың киім баланың қимылдауына қолайсыздық туғызады. 4.Тәтті тағам баланың тәбетін қайтарады, сондықтан бала дұрыс тамақтанбайды. 5.Баланың қысқы киімдері жылы және жеңіл болғаны дұрыс. 5.Баланың бөлмесінің қабырғасын қып-қызыл немесе қап-қара түске бояуға болмайды, өйткені ол баланың психикасына жағымсыз әсер етеді

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына сын есімнің шырайларын тудыратын мына жұрнақтар мен үстеулерді қойыңыздар: -ірек; ең; аса; өте; ырақ.

1.Баланың дене қызуы ... жоғары екен. 2.Жеті-сегіз жастағы баланың бойының өсуі мен салмақ қосуы 1-2 жасар балалар қарағанда төмен... болады. 3... бірінші баланың алдыңғы екі күрек тісі шығады. 4.Кейбір балалардың бойларының өсуі баяу... болуы мүмкін. 5.Қызылша – ... жұқпалы балалар аурулардың бірі.

БӨӨЖ тапсырмасы: «Мамандығым- мақтанышым презентация тапсыру» эссе жазу.

12 сабақ. Салауатты өмір салты.

1. Грамматика: ауыспалы өткен шақ (-атын,-етін,-итін)

2. Мақсаты:Студенттерге шартты бағыныңқы мен себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем туралы мағлұмат беру, осы құрмалас сөйлемнің түрлерін практикалық жолмен меңгерту,салауатты өмір салты туралы мәлімет беру, мәтінде кездесетін медициналық терминдердің аудармасын беріп, жазылуын үйрету, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру

3. Міндеті:Мәтіндегі медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Когнитивті – білім компетенциясы: салауатты өмір салты туралы мәлімет бере отырып, салалас құрмалас сөйлем туралы түсінік беру, олардың грамматикалық белгілерін меңгерту.

Операционалды – дағды компетенциясы: мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, өз бетінше мазмұндауға, грамматикалық тақырып бойынша түрлі жаттығу жұмыстарын орындауға үйрету, медициналық атаулардың қазақша баламасын дұрыс қолдануға дағдыландыру.

Коммуникативті компетенция: тілдік материал бойынша жаттығу жұмыстарын сауатты орындауға баулу, мәтінге берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдыларын қалыптастыру.

Өзін-өзі дамыту компетенциясы: шығармашылық жұмыс арқылы таным түсініктерін дамыту, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру, шығармашылықпен жұмыс істеуге

ұмтылдыру, студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, бұрынғы алған білімдерін жетілдіре отырып ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

4. Негізгі ұғымдар:

Лексика бойынша:

Салауатты өмір салты, сана - сезімі төмендеу, аулақ болу, адамның көңіл-күйі, өмір сүру ұзақтығы, халықтың денсаулығы, емдеп сауықтыру.

5. Білім берудің және оқытудың әдіс-тәсілдері: сұрақ- жауап, әңгімелесу, салыстыру, түсіндіру, жаттығу, сөздік, пікірталас. сұрақ- жауап, әңгімелесу, салыстыру, түсіндіру, жаттығу, сөздік, пікірталас, аударма жұмысын жасату.

6. Тапсырмалар .

1-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Год здоровья

В соответствии с Указом Главы государства 2002 год объявлен Годом здоровья Республики Казахстан.

Здоровье является одной из главных ценностей как отдельного человека, так и общества в целом.

Учитывая разнообразие факторов, влияющих на формирование общественного здоровья и его значимость, как одного из важнейших ресурсов, здоровье является интегральным показателем и объективным критерием успешности проводимых политических, социальных и экономических реформ. Этим объясняется необходимость проведения Года здоровья в Республике Казахстан.

Исходя из этих проблем и поставленных задач, разработан План основных мероприятий по реализации Программы проведения Года здоровья.

Цели Программы Года здоровья:

- Улучшение состояния здоровья народа;
 - Поддержка системы здравоохранения;
- Пропаганда здорового образа жизни.

(Медицина, 2002, №1)

2-тапсырма. Төменде берілген ауру аттарын қазақшаға аударып, қай мүшенің аурулары екенін айтыңыз.

Ангина, хронический бронхит, язвенная болезнь, бронхиальная астма, ишемическая болезнь сердца, желчекаменная болезнь, радикулит, цистит, эпилепсия, порок сердца, анемия, пневмония, желтуха, брюшной тиф, нефрит, гастрит, сифилис, рахит, бруцеллез, грижа, корь.

3-тапсырма. “Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі” мәтіні бойынша кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін оқып, жаттап алыңыз.

темекі-табак, сигареты	салауатты өмір салты-здоровый образ жизни
есірткі-наркотик	сауықтыру-оздоровить
мінез-құлық-характер	насихат-пропаганда
сақтау-беречь, соблюдать	жөнсіз-без причин
тұрмыс жағдайы-бытовое условие	қалыптастыру-формировать
ретсіз тамақтану-нерегулярное питание	кепіл-залог
тәсіл-метод	күту-ухаживать
дене шынықтыру-физкультура	

кему-уменьшаться
сау-здоровый

індет-эпидемия
нашарлау-ухудшаться
май басу-ожирение

4-тапсырма. “Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі” мәтіні бойынша берілген тіркестерді орыс тіліне аударыңыз.

Денсаулықты сақтау, жан-жақты даму, адамның көңіл-күйі, дене шынықтырумен айналысу, насихаттаудың тәсілдері, зиянды әдеттерден аулақ болу, індеттердің таралмауы, көтеріңкі көңіл - күй, жүректің ишемиялық аурулары, аурудың алдын алу, зиянды әдет, тұрмыс жағдайы, денені май басу, ретсіз тамақтану.

5-тапсырма. Төмендегі берілген мәтінді оқып шығып, орыс тіліне аударыңыз.

Салауатты өмір салты – денсаулық кепілі

Әрбір адамның өзін-өзі күтіп, денсаулығын сақтай білуі керек. *Денсаулық* адамның жан-жақты дамып, еңбек етуіне, тұрмыс жағдайын жақсартып, көңіл -күйінің көтеріңкі болуына мүмкіндік береді.

Салауатты деген сөздің негізгі мағынасы –парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы деген ұғымды білдіреді. Өмір салты дегеніміз- әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытында демалатыны, қысқасы, олардың қалыптасқан өмір тіршілігі. Қазіргі уақытта денсаулық бірнеше түрлерге және құрамдас бөліктерге бөлінеді:

1. **Тән денсаулығы** — бұл адам мүшелері мен ағза жүйесінің ағымдағы күйі. Мұның негізі онтогенездік дамудың әр түрлі кезеңдерінде басымдық көрсететін, базалық қажеттіліктерге негізделген жеке дамудың биологиялық бағдарламасынан құралады.

2. **Дене денсаулығы** — ағза мен мүшелердің өсуі мен дамуының деңгейі. Мұның негізі бейімделу реакцияларын қамтамасыз ететін морфологиялық және функциялық сақтамалардан құралады.

3. **Жан денсаулығы** — адамның психикалық көңіл- күйі. Мұның негізі мінез-құлыққа уақыт өте келе реакцияны қамтамасыз ететін жалпы рухани қолайлы күйден құралады.

Рухани тазалық— тіршілік әрекетінің уәжді және ақпаратты-мұқтаждық өрісі сипаттамасының кешені. Мұның негізі жеке тұлғаның қоғамдағы құндылық жүйесі мен мінез-құлық әрекеттерімен анықталады. Денсаулыққа адамның руханилылығы себепші болады, яғни ол адамзаттың байлығы — мейірімділік, намыс, абырой, махаббат, сүйіспеншілік және әдемілікке негізделеді.

Денсаулықтың негізгі өлшемдері мыналар:

- тән және дене күйі үшін — мен істей аламын;
- психикалық күй үшін — мен тілеймін;
- адамгершіліктік күйге — мен істеуге тиістімін.

Медицина ауырғандарды емдеп сауықтыруға, аурудың асқынбауына, жұқпалы індеттердің таралмауына көмектеседі. Түрлі аурулардың қалай алдын алу керек, қалай тамақтанған жөн, зиянды әдеттерден аулақ болуды т.б. насихаттауда дәрігердің орны ерекше.

Қазіргі уақытта адамдардың көпшілігі темекі тартады, арақ ішеді, ретсіз тамақтануынан денелерін май басады. Осылардың әсерінен адамның көңіл - күйі, мінез-құлқы өзгеріп, сана - сезімі төмендейді, зат алмасу үрдісі, бауыр мен бүйрек қызметі бұзылады. Соңғы жылдары елімізде аурулардың түрлері (гипертония, жүректің ишемиялық

аурулары, қант диабеті) көбейіп, халықтың денсаулығы күннен-күнге нашарлап, өмір сүру ұзақтығы кеміп барады.

Денсаулықты сақтауда медицинаның бір саласы *валеологияның* қызметі зор.

Валеология латынның «VALEO» – дені сау болу және гректің «LOGOS» ғылым деген сөздерінен құралған. Сонда валеология дені сау адамдардың денсаулығын сақтау жөніндегі ғылым дегенді білдіреді. Оны ғылымға XX ғасырдың 60 - жылдарында профессор М.И.Брехман енгізді. Валеология арқылы халық гигиенаны және салауатты өмір салтын қалыптастырудың негіздерін, денсаулықты сақтау мен насихаттаудың тәсілдерін үйренеді.

Денсаулықты сақтаудың бірден бір жолы – дене шынықтырумен айналысып, тамақтану рационаын сақтау, зиянды әдеттерден (есірткі, темекі тарту, арақ ішу т.б.) аулақ болу.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары мыналар:

- жеке және қоғамдық гигиена;
- дене шынықтыру, гиподинамиямен күрес;
- ағзаны жаратылыс-табиғи факторлармен — су, ауа, күн жарығымен және т.б. шыңдау;
- күн тәртібін тиімді пайдалану;
- дұрыс және уақытымен тамақтану;
- жұкпа аурулардың алдын алу;
- тән ауруларынан сақтану;
- жарақаттанудан, уланудан, т.б. сақтану;
- зиянды әдеттерден (темекі тарту, алкоголь, есірткілік улы заттарды) сақтану;
- жыныс гигиенасы;
- психопрофилактика және психогигиена;
- кикілжің және денсаулық;
- экология және денсаулық.

6-тапсырма. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

- Салауатты өмір салты дегенді қалай түсінесіз?
- Валеология қандай ғылым?
- Валеология ғылымын кім енгізді?
- Денсаулықты сақтаудың жолдары қандай?

7-тапсырма. Екінші бағандағы сөйлемдердің сыңарын қазақ тіліне аударып, мағынасына қарай сәйкестендіріңіз. Ағылшын тіліндегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

Қазақша	Русский	English
Әрбір адамның өзін-өзі күтіп,	научится методам сохранения здоровья и пропагандирования	illness
Медицина ауырғандарды емдеп сауықтыруға, аурудың асқынбауына,	должен уметь сохранять здоровье	types of illnesses
Соңғы жылдары елімізде аурулардың түрлері көбейіп,	сокращается продолжительность жизни	health
Валеология арқылы халық гигиенаны және салауатты өмір салтын қалыптастырудың негіздерін,	помогает не распространиться инфекционным болезням	hygiene

8- тапсырма. Жақшадағы сөздердің қазақша баламасын жазып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1.(Health) сақтаудың бірден бір жолы – дене шынықтырумен айналысып, (питания) рационын сақтау, зиянды әдеттерден (есірткі, темекі тарту, арақ ішу, т.б.) аулақ болу. 2. (Body) денсаулығы – ағза мен мүшелердің өсуі мен (развития) деңгейі.

3.Медицина ауырғандарды емдеп сауықтыруға, (of illness) асқынбауына, жұқпалы індеттердің таралмауына (помогает). 4.Осылардың әсерінен адамның көңіл-күйі, мінез-құлқы өзгеріп, сана-сезімі төмендейді, (обмена веществ) үрдісі, (liver) мен бүйрек қызметі бұзылады.

А.Мюссе.

Шыныққан ағза,сыртқы ортаның, суыққа төзімді, ыстыққа үйренген адам күнделікті дағды, денсаулығына байланысты, дене тәрбиесі, қан айналысы, күн көзі, үздіксіз шұғылдану, шартты рефлекс, күнге кую, салқын тиіп ауыру.

9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Ауыспалы өткен шаққа айналдырыңыз (-атын,-етін,-итін)

Ағзаны шынықтыру

Ағзаны шынықтыру - бұл ағзаның сыртқы ортаның әсеріне (ыстыққа, суыққа, атмосфера қысымына т.б.) төзімділігін арттыру үшін қолданылатын шаралар жүйесі. Бұл шараларды қолдану нәтижесінде ағзаның жылу реттеуі қалыптасып, шартты рефлекс пайда болады. Шыныққан ағза ыстыққа да, суыққа да төзімді келеді.

Ағзаны шынықтырғанда қан айналысы жақсарады. Суыққа шынығу түрлі салқын тиіп аурудан алдын ала сақтандырады. Ыстыққа үйренген адам ағзасы жылуды термен шығарып, дене температурасын қалыптастырады. Ағзаны шынықтыруда ауа, су, күн көзі, сумен емдеу және дене тәрбиесі жаттығуларымен үздіксіз шұғылданудың маңызы зор.

Дене шынықтыру –адамның жан-жақты дамуындағы негізгі алғы шарттардың бірі. Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары - бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады.

Мұнымен қатар ағзаны шынықтыруға күнделікті дағды, тұрмыс жағдайы әсер етеді. Ағзаны шынықтыруды бала кезінен бастау өте пайдалы. Бұл кез бала ағзасы қалыптасып, толық жетілмеген кез. Сондықтан қандай жағдайларға болсын жас ағза тез бейімделеді.

Ағзаны шынықтыруда қолданылатын тәсілдер адамның **жасына, денсаулығына** байланысты, мысалы, кейбір адамға күнге қыздырынуға болмайды. Мұндайда ағзаны шынықтырудың басқа әдістері қолданылады. Ағзаны шынықтыруға кірісуден бұрын дәрігерге қаралып ағзаны шынықтырудың қай түрімен шұғылдану (күнге кую, шомылу т.б.) жөнінде кеңес алу керек.

Ағзаны шынықтыру шараларының ішінде өте пайдалысы – ашық бассейнде шомылу. Судың температурасы әрбір адамның жағдайына (жасы, денсаулығы) байланысты болуы шарт. Шомылуға болмайтын адамға таңертең, кешке, жатар алдында сулы орамалмен денені сүрту де пайдалы. Бұл ағзаның қан айналысын қалыптастырып, терісін шынықтырады.

Ауамен шынығу.Ауа ваннасы - ересек дені сау адамдар, балалар, қарт адамдар, сонымен қатар қандайда болмасын аурумен ауыратын адамдар да қолдана алатын сауықтыру әдісі. Оларды шынығудың алдыңғы емшаралары ретінде қолдануға болады.

Адам ағзасын шынықтыруда ауа жылдамдығының алатын орны зор. Дене тез желмен желденетін болса, тер буланып, тері тез салқындайды. Ауа ваннасының әртүрлі әсері бар, бірақ негізгісі мыналар:

1. Жүйке жүйесінің тонусы жоғарылайды.
2. Ішкі секреция бездерінің қызметі жоғарылайды.
3. Асқорыту үрдісі жақсарады.
4. Жүрек қан- тамырлар жүйесінің қызметі шынығады.
5. Тыныс алу жүйесінің қызметі артады.
6. Қанда гемоглобин мен эритроцит мөлшері артады.
7. Сергектік, жеңілдеу сезімі пайда болады.
8. Эмоционалды фон теңеседі.
9. Тыныштандыратын әсер байқалады.

Күн сәулесі. Күн ваннасы күшті шынықтыру тәсілі, бірақ мөлшерін қатаң бақылап және сақтану қажет. Тіке түскен күн сәулесінен, оның шағылып түскен сынық сәулелерінің әсерінен тері қоңырқай тартады. Көлеңкеде отырып аздап күнге күйе болады. Терінің қоңырқай тартуы адам ағзасына ультракүлгін сәулелердің жақсы тарап, жағымды әсер еткендігінің белгісі. Дене медициналық талапқа сай күнге күйгенде жүрек қан-тамырлары мен жүйке жүйесінің жұмысы жақсарады, зат алмасуы реттеледі, асқа тәбет артады, ағзада Д дәрумені көбейеді.

10-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ағзаны шынықтыру дегенді қалай түсінесіз?
2. Ағзаны шынықтырудың қандай пайдасы бар?
3. Ағзаны шынықтыруды қай жастан бастаған дұрыс?
4. Ағзаны шынықтырудың қандай шараларын білесіз?

11-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, ауыспалы өткен шаққа айналдырыңыз (-атын, -етін, -итін)

Дене тәрбиесі – дәрісіз ем

Қоғамның басты байлығы – адам. Адамның басты байлығы – денсаулық. Ал денсаулықты сақтап, байытатын – қимыл-қозғалыс. Яғни, қимыл-қозғалыс дегеніміз – дене тәрбиесі. Сондықтан спорт өмірге өте қажет.

Дене тәрбиесімен айналысқалы өзімді сергек сезіндім. Ал сергек адамның өмірге, қоршаған ортаға көзқарасы да айырықша. Ол өзін эстетикалық тұрғыдан қалыптастырып, ең бастысы көпшілік, қоғам мүддесін қорғауды негізгі мақсат санайды.

Спорт – салауатты тұрмысымыздың басты кепілі. Өйткені ол үздіксіз еңбектенуді, зор қажыр-қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады. Яғни, өмірді сүйіп, уақытты қадірлей білуге, тек жақсылыққа ұмтылуға тәрбиелейді.

(Қ.Байдосов. «Денсаулық» журналы. 1991, №5.)

12-тапсырма. Берілген сөйлемдерді орыс тіліне, ал асты сызылған сөздерді ағылшын тіліне аударыңыз.

1. Ағзаны шынықтыру – бұл ағзаның сыртқы ортаның әсеріне (ыстыққа, суыққа, атмосфера қысымына, т.б.) төзімділігін арттыру үшін қолданылатын шаралар жүйесі.
2. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады.
3. Адам ағзасын шынықтыруда ауа жылдамдығының алатын орны зор.
4. Күн ваннасы күшті шынықтыру тәсілі, бірақ мөлшерін қатаң бақылап және сақтану қажет.

БӨӨЖ тапсырмасы: «Менің хоббиім» өз қызығушылығы бойынша коллаж дайындау.

БӨЖ тапсырмасы: Ө.Тлеуқабылұлы«Шипагерлік баян » медициналық терминдер, құрал-жабдық атауларына анықтама беру.

13 сабақ. Әлеуметтік желі және оның әсері.

ә) Грамматикалық тақырып: еді/ екен көмекші етістігі; ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі.

2. Мақсаты:

Әлеуметтік желі және оның әсеріментаныстыру;

Әлеуметтік желі және оның шығу тарихын баяндау;

- Түрлі жаттығу жұмыстары арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландыру;

3. Міндеті:

1. Когнитивті – білім компетенциясы бойынша мамандығына сәйкес тіл оралымдарын үйретіп, студенттерді мәтіндерді түсініп оқуға, сауатты жазуға дағдыландыру;

2. Операционалды – дағды компетенциясы бойынша лексикалық – грамматикалық тіл талапты сақтай отырып, студенттерді сауаттылыққа тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің болашақ мамандықтарына қатысты сөйлеу аясын кеңейту;

4. Өзін-өзі дамыту компетенциясы бойынша ғылыми-қоғамдық және медициналық терминдермен жұмыс істей білуге машықтандыру, болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қатынас кезінде әр түрлі тақырыптарда тыңдаушысын түсіне білуге және өз көзқарасын білдіре білуге машықтандыру.

4. Негізгі ұғымдар:

а) лексикалық материал бойынша

1. Орынды, бөлмені, тұрғын үйлер түрлерін сипаттау;

2. Мәтін негізінде студенттердің сөздік қорларын молайту, лексика-грамматикалық тапсырмалар арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

ә) грамматикалық материал бойынша: еді/ екен көмекші етістігі; ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі

5. Сабақ өткізу жоспары:

А)Ұйымдастыру.

Ә) Үй тапсырмасын сұрау.

Б) Жаңа сабақты түсіндіру.

- Мәтін бойынша жұмыс. Жаңа сөздермен, сөз тіркестеріменжұмыс істеу, оқылым, мәтін бойынша сұрақтарға жауап, пікірталас, салыстыру жүргізу, аударма жұмысын жасату.

- Грамматикалық тақырып бойынша жұмыс.

- Жаңа сабақты қорыту

В) Студенттердің білімін бағалау

6. Білім берудің және оқытудың әдіс-тәсілдері:

Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс істеу, оқылым, грамматикалық тапсырмалар, сұхбат құрғызу, пікірталас, аударма жұмысын жасату.

7. Көрнекі құралдар: Тақта, ноутбук, оқу құралдарын, үлестірмелі карточкаларды пайдалану.

8. Тапсырмалар:

1- тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз және түсінгеніңізді айтыңыз.

Әлеуметтік желі және оның әсері.

Қазіргі уақытта әлеуметтік желі өміріміздің бір бөлшегіне айналғандығы анық. Оған дәлел қазіргі таңда елімізде интернет пайдаланушылардың саны жыл санап артып келе жатқандығы. Ғаламтор ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат пен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеседі. Бұл жағынан интернет адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Оған дәлел ес білген баладан бастап, егде жастағы қартқа дейін ұялы телефон қолдануы. Әлеуметтік желіде шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған-туыстарыңмен де емін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесің, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр. Көрісе алмаған адамыңмен ғаламтор арқылы байланыс орнатасың.

Әлеуметтік желінің пайдалы және зиянды тұстары бар, ол анық. Пайдалы тұстарына тоқтала келсек, ол қашықтағы басқа қаладағы, алыс елдегі адамдармен, таныстарымызбен жедел тілдесуге оңтайлы құрал. Өзара пікір ғана алмасып қоймай, өміріндегі жаңалықтарымен, суреттерімен, қоғамдағы қызу талқыланған тақырып төңірегінде ой бөліседі. Интернеттегі қызықты жаңалық, сайттар, кітаптар, кинолардың сілтемелерін ұсынып, алмасады. Әлеуметтік желі арқылы танысып, отау құрып жатқандар аз емес, осы құралды пайдаланып жұмыс іздеу, табу да жеңілдеді. Жұмыс орнына орналасуға өтініш беріп, үй кезекке тұру, несие рәсімдеу сынды уақыт үнемдейтін, жанға жайлы жағымды тұстары да жетерлік.

Алайда шамадан тыс қолданған жағдайда, зиянды деген тұстарыда жеткілікті. Ең әуелгісі шамадан тыс отыру денсаулығына, жүйке жүйесіне, көздің көру қабілетінің төмендеуі, омыртқалардың қисаюуына әкеледі. Шаршағыштық, әлсіздік бойын басып, сөйлеу қабілетін нашарлатады. Кей адамдар виртуалды өмірдегі таныстыққа беріліп кеткендігі соншалықты, отбасы мүшелерімен, әріптестерімен, достарымен аз тілдесіп, оларды тіпті байқамай қалуы мүмкін. Кейбір жастардың көп уақыты желіде өткен соң, жұмысы, оқуы кейінге қалып ақсай бастайды. Осыдан бас тартып, уақытын үнемдей алу, тәуелділіктен арылу желі пайдаланушысына оңайға соқпайды. Бұл да адамның өзін-өзі ұстауына, жеке тәрбиесіне, тәртібіне байланысты. Желіні пайдаланушылар да біркелкі емес. Олардың арасында негатив таратушы, өмірден түңілгендер аз кездеспейді. Сондықтан әлеуметтік желіні өлшемді пайдаланып, осы құрал ұсынатын пайдалы жақтарын өз қажетімізге жаратуға бейім болу керек. Достардың бөліскен пайдалы кеңестер, жазбалар, сілтемелерін егер өзіңіз уақыт жұмсап іздесеңіз қаншама күннің сарп болатынын есептеп шығу қиын емес. Айталық, досыңыз сілтемесін бөліскен қызықты кітаптың, киноның дүниеде бар-жоқтығынан бейхабар болғандығыңызды еске алсаңыз да жеткілікті. Бұл – әлеуметтік желінің жақсы тұстарының бірі. Оның білімді жетілдіруге, біліктілікке бағыттау – біздің міндетіміз. Онлайн кітаптар мен аудиожазбалар арқылы заман ағымында желіні жақсы пайдалана білу қажет.

Қоғамды алаңдататын мәселелердің бірі – жастардың теріс ағымға арбалуды. Себебі әлеуметтік желінің қолжетімділігі теріс ағым идеологиясының кеңінен таралуына тиімді болып отыр. Әлеуметтік желілер әсіресе жастарды тура жолдан тайдыратын теріс ағымдардың негізгі құралына айналды. Әлеуметтік желілер жастардың құндылықтар жүйесіне және экстремистік көзқарастардың қалыптасуына әсер етудің маңызды факторына айналууда. Бүгінгі таңда радикалды діни топтардың түрлі айла әдістерді қолдану арқылы жастарды өз қатарларына тарту түрлері аз емес. Әсіресе, жастарға ықпал ету мақсатында пайдаланушылар саны көп «Facebook», «VK», «Instagram», «YouTube»

желілері бойынша және түрлі мессенджерлар арқылы, экстремистік және террористік идеяларды насихаттайтын аудио және бейне роликтер, әдебиеттерді тарату мен насихаттау, мотиваторлық жариялымдарды кеңінен шығару арқылы өз идеологияларын таратуда. Діни радикализм мен экстремизм идеологиясы қоғам санасына әлеуметтік желілер мен электронды қосымшалар, әр түрлі сайттарда көрсетілген теріс мәліметтер арқылы ақпараттық-психологиялық әсер етуде. Соның салдарынан дұрыс ой-қабілеті қалыптаспаған жастардың санасында отанға деген сенімсіздікті, отансүйгіштік сезімнің болмауын, отбасы ішіндегі келеңсіздіктерді, қоғамның екіге бөлінуін тудырады.

Әлеуметтік желі тек қатынас құралы ғана емес, адамның өзіндік келбетін қалыптастыру, өзін өзгелерге таныту және жұртпен білетінін бөлісу алаңы. Сонысымен де құнды. Ендеше оны жақсы тұстарын қажетіне жарату әркімнің өз еркіндегі дүние екендігін көреміз.

2-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

Әлеуметтік желі – коммуникация құралы. Азаматтарымыз әлемдік үрдістен тыс қалып жатқан жоқ, көш бастап отырған барлық әлеуметтік желіге тіркеліп, пайдаланып әр түрлі санаттағы ақпараттарды алып жатыр. Ол түсінікті де, өйткені әлеуметтік желі арқылы адамдар өзінің ішкі сұранысына қажетті барлық ақпараттарды алып, ақпарат таратып, басқа адамдармен танысып, жарнамалар беріп, өз қуанышымен бөлісе алады.

Қазіргі кезде әлеуметтік желі пайдаланушылар арасында елдің үрейін ұшыратын ақпараттар таратып, әр түрлі заң бұзушылыққа жол беретін, арнайы топтар құрылып, оны пайдаланушылар артуда. Бұл өз кезегінде әлі ой-қабілеті толығымен қалыптаспаған жастардың дұрыс тәрбие алуына кері әсерін туғызатыны белгілі. Солардың бірі қазіргі таңдағы астарына бармай әлеуметтік желілерде келген хат-хабарламаларды бөлісу.

3-тапсырма. Интернет желісінің пайдасы мен зиянын екі топқа бөліп жазыңыз және дәлелденіз.



4-тапсырма. Сөздік құрастырыңыз

5-тапсырма. Мәтінді оқып, есте сақтаңыз.

Қорытынды:

XXI ғасыр – технологиялар ғасыры болып отыр. Мобильдік құрылғылар, Интернет желілері өмір сүрудің қарапайым күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегі болып кірігіп кетті. Сандық қоғам, сандық орта қалыптасты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. Интернет желілері адамның әр түрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Адам үйде отырып-ақ, кәсіпкерлікпен де, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де, шығармашылықпен де айналыса алады. Әлеуметтік желілер арқылы адамның өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды. Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту Smart оқытуға ауысты. Орта білім беруде оқушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілсе, біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан оқыту, корпоративті оқыту кеңінен қанат жайды. Ендігі міндет – сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін Smart оқыту ортасын дамыту.

Адамның жақсы білім алуын, табысты оқуын, ақыл-ойының дамуын жоғары дәрежеде ұйымдастыру егеменді елімізді одан әрі дамытатын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды қадам болып табылады. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен қортындылағым келеді.



6-тапсырма. Семантикалық картаны толтырыңыз.

*Семантикалық карта.
Дұрыс жауапқа «+» белгі боямыз.*

Мысалдар Сын есім	Кім? Не?	Қашан?	Қандай? қай?	Ақ, қызыл, көк	Таза, жақсы	Көшіп, өнері	Аңы, тұңы	Кіші, тар, қысқа
Сын есім								
Заттың түрін, түсін								
Негізгі сын есім								
Дәмін білдір								
Көлемін, аумағын								

7- тапсырма. «XXI ғасыр – технологиялар ғасыры» атты тақырыпқа шағын эссе жазып келіңіз.

БӨӨЖ тапсырмасы: «Ең қызық әлеуметтік желі» өзі таңдаған әлеуметтік желі арқылы хат жолдау немесе диалог жасау.

14 сабақ. Медициналық мекемелер

Грамматика: етістік +a/e/й алу құрылымы

2. Мақсаты: етістік +a/e/й алу құрылымы, қолданылуы түрлерін орыс тілімен салыстыра отырып, практикалық жолмен меңгерту, мысалдар келтіре отырып, өз бетінше сөйлем құрастыруға машықтандыру, мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндауға үйрету, түрлі жаттығу жұмыстары арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландыру.

3. Міндеті: Жаңа сабаққа қатысты медициналық сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын беріп, қазақша өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Когнитивті – білім компетенциясы: деңгейлік тапсырмалар арқылы жай сөйлемнен алған білімдерін кеңейту, сөздік қорын байыту.

Операционалды – дағды компетенциясы: медициналық атаулардың қазақша баламасын дұрыс қолданып, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Коммуникативті компетенция: мәтінде кездесетін медициналық терминдердің қазақша айтылуын және жазылуын үйрету.

Өзін-өзі дамыту компетенциясы: шығармашылық жұмыс арқылы таным түсініктерін дамыту, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру, өз бетімен ізденуге баулу.

4. Негізгі ұғымдар:

Лексика бойынша:

денсаулық сақтау құқығы, медициналық көмек, медицина ғылымы тұрғындарға, жоғары сапалы, ауруханалық мекемелер, емдеу бөлімшелері, басты байлығы, қабылдау, мамандырылған.

Грамматика бойынша:

Сан есімнің түрлері, қолданылуы

5. Тапсырмалар

1 – тапсырма. «Емдеу сақтандыру мекемелерінің түрлері» мәтіні бойынша берілген сөздер мен сөз тіркестерін есіңізге сақтаңыз.

	әлеуметтік – социальный	мамандырылған – специализированный
	жиынтық – совокупность	әскери – военный
	құқық – право	мүгедек – инвалид
	жүйелі бақылау – системный контроль	ғылыми зерттеу – научное исследование
	емдеу – лечение	қабылдау бөлімі- приемная
	тексеру – обследование	мекеме – учреждение
	күрделі – сложный	емдік балшық – грязевое лечение
	көп салалы – многопрофильный	денсаулық сақтау – здравоохранение
	жедел медициналық көмек – скорая медицинская помощь	бөлімшелер – отделения
	қабылдау – принимать	ерекшелік – особенность

	таңу бөлмелері – перевязочные	әкімшілік шаруашылық – административно-хозяйственный
	амбулаторлық көмек – амбулаторная помощь	емдеу бөлімшелері – лечебные отделение
	міндет – обязанность	әл-ауқат – состояние

2-тапсырма. «Емдеу сақтандыру мекемелерінің түрлері» мәтіні бойынша кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін оқытушының көмегімен орыс тіліне аударыңыз.

Адам денсаулығы, әл-ауқаттың жиынтығы, әйелдерге кеңес беру, жедел жәрдем станциясы, мүгедек адамдар, орта медициналық қызметкерлер, бөлімшенің түрі, емшаралық, таңу бөлмелері, бекітілген, әскери, жетістіктер.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Емдеу - сақтандыру мекемелерінің түрлері

Қоғамның басты байлығы – адам. Адамның басты байлығы - оның денсаулығы. Адам денсаулығы – бұл психикалық, физикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың жиынтығы. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау құқығы Конституциямен бекітілген.

Елімізде тұрғындарға медициналық көмек көрсету үшін сырқатты қабылдау және өз үйлерінде емдеуге арналған көптеген емдік – сауықтыру мекемелер жүйесі құрылды. Емдеу мекемелері негізгі екі түрге бөлінеді: амбулаториялық және стационарлық типтегі мекемелер.

Емдеу-сақтандыру мекемелерінде амбулаторлық көмек көрсетіледі. Оларға амбулатория немесе фельдшер-акушерлік пункт (ауылдық жерде), дәрігерлік пункт (здравпункт), емхана, диспансерлер, медициналық көмек көрсететін мамандандырылған кеңестік-диагностикалық орталық, әйелдерге кеңес беру (консультациясы), жедел жәрдем станциясы жатады.

Амбулатория халыққа медициналық көмекті мекемеде де, науқастың үйінде де көрсететін медициналық мекеме болып табылады. Емханадан амбулаторияның айырмашылығы ондағы қызметкерлердің саны мен жүргізілетін тексерудің көлемі аз.

Емхана - бұл өздігінен жұмыс жасайтын немесе аурухана қарамағында жұмыс істейтін емдеу және алдын алу мекемесі. Емханада зертханалық және диагностикалық кабинеттер бар. Емханада барлық мамандық бойынша дәрігерлер жұмыс істейді.

Диспансерлер бұл мекемелерде бірдей аурулармен (туберкулез, онкологиялық, тері-венерологиялық диспансерлер т.б.) ауыратын адамдар емделеді. Емдеу мен алдын алу жұмыстарынан басқа диспансерде патронаж жұмыстары да жүргізіледі.

Әйелдер консультациясы бұл гинекологиялық аурулар мен жүкті әйелдерді қадағалау мен емдеу жүргізетін және алдын алу мекемесі.

Жедел жәрдем станциясы бұл халыққа жедел түрде қажетті көмек көрсететін мекеме. Стационарда фельдшер бригада жұмысын басқаруы мүмкін. Ол науқасқа үйінде жедел түрде көмек көрсетеді, кейде науқасты ауруханаға жеткізеді. Қиын жағдайларда арнаулы медициналық көмек көрсетуге тасымалдауға көмектеседі. Жедел жәрдем

станциялары жолда жедел көмек және реанимация шараларын көрсету үшін арнаулы аспаптармен, көліктермен жабдықталады.

Стационарлық медициналық көмек жүйелі бақылауды, емдеу мен тексерудің күрделі түрлерін қажет ететін науқастарға көрсетіледі.

Стационардың түрлері:

1. Аурухана медицина ғылымы мен техниканың соңғы жетістіктерінің негізінде тұрғындарға жоғары медициналық көмек көрсетеді. Аурухана көп салалы (әртүрлі ауруларды емдеу үшін) және мамандандырылған (инфекциялық, психиатриялық және т.б.) болуы мүмкін; облыстық және республикалық ауруханалар ауыл тұрғындарын жоғары сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етеді. Қазіргі аурухана - бұл қажетті емдеу-диагностикалық аспаптармен және құралдармен жабдықталған медициналық мекемелер.

2. Госпиталь – әскери немесе мүгедек адамдарды емдейтін аурухана.

3. Клиника – науқастарды емдеумен қатар студенттерді, дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді оқыту ісі және ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілетін ауруханалық мекеме.

4. Шипажай – науқастардың емін жалғастыратын стационарлық мекеме. Оларды минералдық сулары, емдік балшықтары бар жайлы климатты жерлерге салады.

Ауруханалық мекемелер науқастарды стационар жағдайында емдеуге арналған. Белгілі бір аурумен (мысалы, туберкулезбен) сырқаттанатын науқастарды емдеуге арналған бір салалы (мамандандырылған) және құрамына әр түрлі (мысалы, терапевтік, хирургиялық, неврологиялық, эндокринологиялық және т.б.) бөлімшелер кіретін көп салалы ауруханалар болады.

Аурухананың құрамына қабылдау, емдеу-диагностикалық, емдеу бөлімшелері, дәріхана және т.б. кіреді. Мейірбикенің қызметтік міндеттері ең алдымен бөлімшенің түріне және оның бөлімшедегі жұмысының ерекшелігіне байланысты. Қабылдау бөлімі, әкімшілік-шаруашылық бөлімі және емдеу бөлімшелері аурухананың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады.

Емдеу бөлімшелеріне диагностикалық (нақтама) және емдеу бөлмелері, ота жасайтын (операциялық), емшаралық, таңу бөлмелері және мамандандырылған бөлімшелер, науқастар жататын бөлмелер кіреді.

Ауруханалық мекемелер науқастарды стационар жағдайында емдеуге арналған. Аурухана мекемелеріне шұғыл медициналық көмекті, сондай-ақ жүйелі бақылауды (науқастың клиникалық жағдайын тексеру, рентгендік, электрокардиографиялық, эндоскопиялық тексерулерді, қан мен зәр анализдерін және т.б.) немесе амбулаторлық жағдайда емді (оталар және т.б.) қажет ететін науқастар жатқызылады.

Адам - көп қырлы физикалық және психикалық көріністері бар біртұтас жүйе. Әр адамның жан дүниесінің ерекшелігі, қоршаған ортамен және әлеуметтік тұрмыстық жағдайлармен байланысы ескерілген кезде ғана ауруды анықтауға болады.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Емдеу-сақтандыру мекемелерінің түрлерің атаңыз.
2. Аурухана қандай көмек көрсетеді?
3. Госпиталь дегеніміз не?
4. Клиника қандай мекеме?
5. Шипажай дегеніміз не?
6. Ауруханалардың қандай түрлері болады?
7. Емдеу бөлімшелеріне қандай бөлмелер кіреді?
8. Адамның басты байлығы дегенді қалай түсінесіз?

❖ **Тақырыпқа қатысты нақыл сөз!**
Көңіліңді, бойыңды мөлдір бұлақтай таза ұста.

Ы.Алтынсарин.

5-тапсырма. .Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

Помощь военным и инвалидам, health care, последние новшества, outpatient card, научно – исследовательские работы, great wealth, лечение от разных заболеваний, профессиональная помощь.

6-тапсырма. Үш бағандағы сөз тіркестерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз. Ағылшын тіліндегі сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Қазақша	Русский	English
Қоғамның басты байлығы	Амбулаторная помощь	the main wealth of the society
Емдік балшық	Грязевое лечение	ambulatory care
Таңу бөлмелері	Лечебные отделение	medical department
Амбулаторлық көмек	Перевязочные комнаты	mud treatment
Емдеу бөлімшелері	Главное богатство общества	dressing room

7-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін өзара байланыстырып, диалог құрастырыңыз.

Жедел жәрдем станциясы, аурухана көп сапалы, мейірбекенің қызметтік міндеттері, республиканские и областные больницы, многоотраслевая больница, first aid station, medical department, the main wealth of the society, favorable climate.

8-тапсырма.Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

1.Госпиталь - ... мүгедек адамдарды емдейтін 2.Шипажай – науқастардың емін жалғастыратын ... мекеме. 3. Оларды ... , бар ... жерлерге салады. 4. Қабылдау бөлімі, әкімшілік – шаруашылық бөлімі және ... аурухананың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. 5. Аурухананың құрамына қабылдау , ... , емдеу бөлімшелері , ... кіреді.

Керекті сөздер: военные и, the hospital , лечебно – диагностические, the inpatient, больницы и т. д., the mineral water, the mud treatment, благоприятный климат, лечебные комнаты.

9-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

Поликлиника. Этим словом (от греческого «поли» - много) называют лечебно-профилактическое учреждение, предназначенное для оказания специализированной медицинской помощи приходящим больным и для лечения на дому. От амбулатории поликлиника отличается объемом деятельности и приемом по всем врачебным специальностям.

Клиника. Этот термин происходит от греческого слова «клине» - кровать или «клинике» - лечение, уход за лежащим больным. Теперь словом «клиника» обычно называют больницу, в которой не только лечат, но и обучают студентов-медиков и молодых врачей. Словами «клиническая картина» болезни обозначают внешние проявления того или иного заболевания.

Амбулатория. Так называют (от латинского слова «амбуло» - гуляю) лечебное учреждение, оказывающее медицинскую помощь по основным врачебным специальностям приходящим больным, а так же на дому.

Аптека. Есть много слов с таким же окончанием: библиотека, картотека, фильмотека. Все это значит: хранилище того-то –и происходит от греческого -слова «тэке» - «ящик», «хранилище». «Аптека» по-гречески значило просто «склад». В европейские языки слово перешло со значением: «склад лекарств».

10- тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қандай стационарлық медициналық көмек көрсетіледі?
2. Аурухананың құрамына нелер кіреді?
3. Мейірбикенің қызметтік міндеттері қандай?
4. Аурухананың негізгі құрамдық бөлімдерін атаңыз.
5. Шипажайларды қандай жерлерге салады?

БӨӨЖ тапсырмасы: «Мәдени орындарда» рөлдік ойын дайындау.

15 сабақ. Дәрігердің қабылдауында.

Грамматика: етістік +а/е/й алма құрылымы, етістік +а/е/й алма құрылымының көпше түрі.

2.Мақсаты:

- сырқатнама, туралы мағлұмат беру;
- сырқатнама, туралы мәтінінің мазмұнын жүйелі баяндауға үйрету;
- сырқатнама, туралы мәтінді пайдалана отырып, әңгіме-сұхбат құрғызу;
- түрлі жаттығу жұмыстары арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландыру;
- өз бетінше сөйлем құрастыруға машықтандыру;

3. Міндеті:

1. Когнитивті – білім компетенциясы бойынша кәсіби бағытта мамандығына сәйкес тіл оралымдарын үйретіп, студенттерді медициналық арнайы мәтіндерді түсініп оқуға, сауатты жазуға дағдыландыру;
2. Операционалды – дағды компетенциясыбойынша лексикалық – грамматикалық тіл ерекшеліктерін меңгертіп, терминдерді қолданылудағы бірізділікті, оларға қойылатын талапты сақтай отырып, студенттерді сауаттылыққа тәрбиелеу;
3. Коммуникативті компетенциябойынша сөйлеу әрекеттерінің түрлеріне сәйкес жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы студенттердің болашақ мамандықтарына қатысты сөйлеу аясын кеңейту;
4. Өзін-өзі дамыту білім компетенциясы бойынша ғылыми-қоғамдық және медициналық терминдермен жұмыс істей білуге машықтандыру, болашақ мамандықтары бойынша кәсіби қатынас кезінде әр түрлі тақырыптарда тыңдаушысын түсіне білуге және өз көзқарасын білдіре білуге машықтандыру.

4. Негізгі ұғымдар:

а) лексикалық материал бойынша

1. Сырқатнама, туралы.
2. Төлқұжат бөлімі туралы.
3. Аурудың шағымдары туралы.
4. Қазіргі (осы) аурудың даму тарихы бөлімі туралы.
5. Науқас адамның өмірбаяны бөлімі туралы.
6. Науқастың қазіргі жалпы жағдайы туралы.

ә) грамматикалық материал бойынша:Сөздіктану. Терминтану.Тапсырмалар.

1-тапсырма. Мәтін бойынша кездесетін төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасымен танысыңыз.

шағым – жалоба
дел-салдық – состояние апатии; обессилеть
күйгелектік – нервозность; раздражительность
ентігу – одышка
сыздап ауыру – ноющая боль
солқылдап ауыру – пульсирующая боль
шаншып ауыру – колющая боль
бүріп ауыру – сжимающая боль
қуқыл – бледный
қыжылдау – изжога
кекірік – отрыжка

2- тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз.

Қосалқы, тән, туа біткен кемістіктер, тұқым қуалаушылық, ұйқысыздық, болжама себептері, бәсеңсіген кезеңдері, аурудың көрші аумақтарға берілуі, мұнды кескін, немқұрайды кескін, көгеріп кеткен, сарғайған, сұрланған.

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Сырақтама мынандай бөлімдерден тұрады:

- Төлқұжат бөлімі;
- Арудың шағымдары;
- Қазіргі (осы) арудың даму тарихы;
- Науқас адамның өмірбаяны;
- Арудың қазіргі жалпы жағдайы.Төлқұжат бөлімінде науқас адамның тегі, аты, әкесінің аты, жасы, жынысы, ұлты, кәсіби мамандығы, жұмыс орны және ауруханаға түскен күні анықталады.

Арудың шағымдары: Бұл бөлімде науқастың ауруханаға алғаш түскендегі барлық шағымдары анықталып жазылады. Шағымдар негізгі және қосымша деп сарапталуы керек.

Негізгі шағым әр мүшенің, не әр жүйенің ауруына тән шағымдар, мысалы, тыныс алу жүйесінің – жөтел, қақырық, ентігу т.б. Негізгі шағымдар арудың пайда болу кезеңіне сәйкес келеді және оларға жан-жақты сипаттама беріледі. Мысалы, аурудың сипаты: сыздап, солқылдап, шаншып, батып, бүріп ауыру т.б.

Қалай ауыратыны (ұзақтығы) көрсетіледі: ұдайы немесе октын-октын, аурудың орналасқан аумағы, аурудың көрші аумақтарға берілуі, аурудың күшінің қарқыны: ақырын, орташа, қатты, өте қатты. Мысалы: асқазанның қатты сыздап, ұдайы ауыруы, тамақ ішкеннен кейін 1,5-2 сағаттан кейін оң жақ белге берілуі, дәрі ішкеннен кейін басылуы. Кейде асқазанның қыжылдауы, кекірік болуы, т.б.

Қосымша шағымдар ағзаның патологиялық процеске байланысты жалпы ерекше күй-жайын ғана көрсетеді. Қосымша шағымдарға, мысалы, әлсіздік, дел-салдық, терлеу, ұйқысыздық, күйгелектік т.б. жатады. Бұл шағымдардың сипаттамасы әр түрлі ауруларда бірдей болуы мүмкін. Қазіргі (осы) арудың даму тарихы. Арудың даму тарихын зерттегенде анықтау керек жағдайлар: арудың басталуы (арудың қашан және қалай басталғаны), оның даму ерекшеліктері, арудың пайда болуына әсер еткен болжама себептері (суық тию, ауыр жұмыс істеу, көңіл-күй күйзелістері, жағымсыз тамақ қабылдау), арудың алғашқы белгілері мұқият анықталуы керек. Дерттің нашарлауы мен бәсеңсіген кезеңдеріне, жүргізілген тексерулер және олардың нәтижелері, ауруханада жасалған ем және оның нәтижелері жазылады. Кейінгі жылдары дерт қайталанды ма, асқыну себептері, қандай жаңа белгілер пайда болды, дәріні көтеру қабілеті және

ауруханаға қалай түсті (жедел жәрдем арқылы, әлде өз дәрігерінің жіберуімен бе) – осы жағдайлар жазылуы керек.

Ауру адамның өмірбаяны. Ауырған адамның өмірбаяны (қысқаша): туған жері, ата-анасының нешінші баласы, әлеуметтік жағдайы, туа біткен кемістіктері, бұрын сары аурумен, созылмалы аурулармен ауырған-ауырмағаны, мектепке дейін және мектеп жасында ауырған сырқаттары, еңбекке араласуы, мамандығына байланысты, жұмыс орнындағы жайлы-жайсыз жағдайлар, үйленуі, тұрмысқа шығуы жөнінде мәліметтер, тұрмыс жағдайы, тамақтану тәртібі, зиянды әдеттері, алған жарақаттары, осы аурудың пайда болуына себеп болды дейтіндердің бәрі және аллергиялық анамнез – дәріні, тағамдарды, вакциналарды қалай көтеретіні көрсетілуі керек.

Аурудың қазіргі жалпы жағдайы. Аурудың жалпы жағдайы, яғни кеселдің ауырлығы: орташа, қанағаттанарлық, ауыр (нашар), өте ауыр (өте нашар) деп анықталуы тиіс, сондай-ақ, ақыл-есі (есі бар, есін білмейді, не есінен танады, сандырақтайды, т. б.) көрсетіледі. Науқастың өзі қозғалып жүріп-тұруы, өзі қозғалып жүріп-тұра алмауы, бет-әлпеті (әдеттегідей, мұңды, немқұрайды кескін), бойы, салмағы, дене қызуы, дене терісінің (қуқыл, қызарған, көгеріп кеткен, сарғайған, сұрланған, т.б.) түсі жазылады.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қай бөлімде науқастың жасы, жынысы анықталады?
2. Аурудың шағымдары нешеге бөлінеді?
3. Негізгі шағымда не жазылады?
4. Қосымша шағымдар нелерді білдіреді?
5. Аурудың даму тарихы не жайлы?
6. Науқастың өмірбаянына не кіреді?
7. Аурудың қазіргі жалпы жағдайы бөлімінде не туралы жазылады?

5-тапсырма. Мағынасына қарай екі бағанды сәйкестендіріңіз.

Дерттің нашарлауы мен бәсеңсіген кезеңдеріне, жүргізілген тексерулер ауруханаға алғаш түскендегі барлық шағымдары анықталып жазылады. Асқазанның қатты сыздап, ұдайы ауыруы, тамақ ішкеннен кейін 1,5-2 сағаттан кейін және оларға жан-жақты сипаттама беріледі.

Аурудың шағымдары деген бөлімде науқастың және олардың нәтижелері, ауруханада жасалған ем және оның нәтижелері жазылады. Аурудың жалпы жағдайы деген бөлімде кеселдің ауырлығы орташа, қанағаттанарлық, ауыр (нашар), өте ауыр (өте нашар) деп анықталуы тиіс, олардың нәтижелері, ауруханада жасалған ем және оның нәтижелері жазылады. Дерттің нашарлауы мен бәсеңсіген кезеңдеріне, жүргізілген тексерулер және сондай-ақ, ақыл-есі, сана-сезімі (есі бар, есін білмейді не есінен танады, сандырақтайды, т. б.) көрсетіледі. Негізгі шағымдар аурудың пайда болу кезеңіне сәйкес келеді оң жақ белге беріледі, дәрі ішкеннен кейін басылады.

6-тапсырма. Сөйлемдерді мағынасына қарай толықтырыңыз.

- ☐ Төлқұжат бөлімінде науқас адамның тегі, аты, әкесінің аты, жасы, жынысы, ұлты, кәсіби мамандығы, _____ жағдайы анықталады.
- ☐ Негізгі шағым әр ағзаның, не әр жүйенің ауруына тән шағымдар – жөтел, қақырық, _____ т.б. Негізгі шағымдар аурудың пайда болу кезеңіне _____ келеді.
- ☐ Қосымша шағымдар ағзаның патологиялық процеске байланысты жалпы ерекше күй-жайын ғана көрсетеді. Бұл шағымдардың _____ әр түрлі ауруларда бірдей болуы мүмкін. Қосымша шағымдарға, мысалы, әлсіздік, дел-салдық, терлеу, _____ т.б. жатады.

- ☐ Ауру тарихын _____ анықтау керек жағдайлар: аурудың басталуы (аурудың қашан және қалай басталғаны), оның даму ерекшелектері: аурудың пайда болған себебі, өткізілген тексерулер және олардың _____ жасалған ем және оның нәтижесі.
- ☐ Ауырған адамның өмірбаяны (қысқаша), науқас адамның ауырған аурулары, еңбек және тұрмыс жағдайы, _____ әдеттері жазылуы тиіс.

7-тапсырма. Бақылау сұрақтары:

а) Сіз болашақ дәрігерсіз. Бөлімшеніңізге түскен науқас жайлы мәтіндегі үлгі бойынша сырықнама толтырыңыз.

Төлкұжат бөлімі:

Науқастың шағымдары:

Қазіргі (осы) аурудың даму тарихы:

Науқастың өмірбаяны:

Аурудың қазіргі жалпы жағдайы:

8-тапсырма. Өзін-өзі дамыту компетенциясы бойынша төмендегі мақал–мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

- ☐ Ауру батпандап кіреді,
Мысқалдап шығады.
- ☐ Жаны ашымастың қасында
Басың ауырмасын.
- ☐ Тұмау аяғы – құрт,
Тұман аяғы – жұт.
- ☐ Бас аманда, мал тәтті,
Бас ауырса, жан тәтті.
- ☐ Ауру – аяқ астында.

9-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің ағылшын тіліндегі баламасын табыңыз.

шағым –

дел-салдық –

күйгелектік –

ентігу –

сыздап ауыру –

солқылдап ауыру –

шаншып ауыру –

бүріп ауыру –

қуқыл –

қыжылдау –

БӨӨЖ тапсырмасы: «Қоғамдық орындарда» өзін ұстау әдебі бойынша рөлдік ойын дайындау.

БӨЖ тапсырмасы: «Тұңғыш дәрігерлер: Х.Досмұхамедов, С.Асфендияров, М.Әлиев» кластер құру.

Оқу әдебиеттерінің тізімі:

1. Негізгі:

1. Бакиева, А. К. Қазақ тілі: оқу құралы. – Қарағанды: Medet Group, 2021. – 118 б.
2. Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: фармацевтика факультетіне арналған оқу құралы. – Алматы: 2017. – 201 б.
3. Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: стоматология факультетіне арналған оқу құралы. – Алматы: 2019. – 205 б.
4. Рамазанова Ш.Ә Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 222 б.
5. Қазақ тілі: оқу құралы: А2 деңгейіне арналған / Р. Кулабаева, А. Итемирова, Л.Ермахан, М.Уралбекова. – Алматы: Акимбаев, 2020. – 140 с.
6. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.

2. Қосымша (оқу материалдарының электронды нұсқалары мен интернет ресурстары)

1. Оразбаева, Ф. Ш. Уроки обучения казахскому языку в русскоязычной аудитории = Орыстілді азаматтарға қазақ тілін үйрету сабақтары : учебное пособие Оқу құралы / Ф. Ш. Оразбаева. – Алматы: KEMEL КІТАП, 2024. – 140 с.
<https://www.iprbookshop.ru/140816.html>
2. Қазақ тілі. Барлық факультет студенттеріне арналған: Оқу құралы/ Абдрахманова, Г.Х. - Алматы: Эверо, 2014. – 132 б. <http://rmebrk.kz/book/1164327>
3. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова, Э.Қ. Түсіпбекова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015. <http://rmebrk.kz/search/resources>
4. Куталмыш, С. Л. Казахский язык: начальный курс / С. Л. Куталмыш ; под редакцией А. Н. Байтуова, З. А. Джандосова. - Санкт-Петербург : КАРО, 2024. – 240 с.
<https://www.iprbookshop.ru/142639.html>